-Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру. Мектептегі тәрбие жұмысы нормативтік-құқықтық база негізінде жүзеге асырылады:

- 1) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 4) "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;
- 5) "тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасының Заңы;
- 6) "Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;
- 7) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайында Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020.06.12. № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған "құндылықтарға негізделмеген білім беру" жобасы.

Мектептің тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша, тәрбие жұмысының жылдық мектеп жоспары негізінде құрылады:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.



3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты

### **2021-2022 оқу жылы**

#### **Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие:**

Жаңа 2021-2022 оқу жылының басталуына арналған салтанатты іс - шара санитарлық нормаларды сақтай отырып, таза ауада, мектеп ауласында 1-сынып, 4-сынып және 5-9-сынып оқушылары және аудандық білім бөлімінің әдіскері Каримова Г. К қатысуымен өткізілді. Бірінші сынып оқушыларына "Әліппе" алғашқы оқулығы табысталды. Қалған сыныптарда 1 қыркүйек Білім күніне арналған Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары әр сынып үшін жеке кабинеттерде санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілді.

Баянауыл ауданы білім бөлімі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің 2021 жылғы 3 маусымдағы №21-27-14.41 тапсырмасын орындау шеңберінде 1-9-сынып оқушылары мен ата-аналарға **төтенше жағдайлар** кезіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша танымдық бейнероликтер мен қосымша жаднамалар онлайн режимінде whatsapp желісі арқылы көрсетіліп, таныстыру жұмыстары жүргізіліп, біршама ақпараттар берілді. Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы жаднамалар әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланды.

Аудандық білім бөлімінің хатына сәйкес **"Су қауіпсіздігі шараларының алдын-алу"** іс-шарасы өткізілді. Соңғы жылдары суға шомылу маусымында судағы қауіпсіздік шараларын сақтамау, ата-аналар балаларын қараусыз қалдырғаны салдарынан қайғылы жағдайлар көбейген, осыған орай алдын-алу мақсатында ДТЖО Б.М.Ахметованың ұйымдастыруымен мектеп оқушыларына профилактикалық әңгімелесу, сұрақ-жауап, кеңес беру мен қатар жадынамалар таратылды.

Сонымен қатар, **оқушылардың түнгі беймезгіл уақытта жүруінің** алдын-алу мақсатында мектепте арнайы бұйрықтар шығарылып, кезекшілік кесте түзіліп ауылдың учаскелік полиция инспекторымен бірлесіп "Түнгі ауылдағы балалар" рейді іс-шарасы күнделікті жүргізілуде. Әлеуметтік педагог А.К.Шомакова Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық профилактикасы бойынша, баланың денсаулығына қауіп төндіру, баланың білім алуына кедергі келтіру, дене бітімі мен ақыл-ойына, әлеуметтік дамуына нұқсан келтіретін жұмыстарды атқарудың алдын алу және осы секілді жұмыстарға тартуға тыйым салынатындығы жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Онда балаларға жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған бейнероликтер көрсетіліп, жол қозғалысы ережесін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Балалар демалыс және мереке күндері көптеген жағдайда бақылаусыз қалып жатады, яғни демалыс күндері балалар уақытын көшеде өткізсе, жол жиектерінде ойнайды, жолға жүгіріп шығады, өкінішке орай жол-көлік оқиғаларына қатысушы болып жатады. Сондықтан ата-аналардың немқұрайлық танытпағаны абзал екені түсіндірілді.

22 қыркүйек күні педагог- психолог А.К.Шомакованың ұйымдастыруымен **«Буллинг және кибербуллингке жол жоқ!»** тақырыбында 5-9-сынып оқушыларына тренинг өткізді. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу мақсатында оқушыларға педагогикалық–психологиялық тұрғысынан түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, көмек көрсетілді. «Буллинг» термині ағылшын тілінен аударғанда «қорлау, қудалау, мазалау» деген мағынаны білдірсе, ал «Кибербуллинг» термині адамды интернетте қорлау немесе қудалау деген мағынаны білдіреді. Осындай теріс әрекеттерді болдырмау үшін оқушылар арасында сұхбат жүргізіліп, өз құқықтарын қорғауға, батыл әрі табанды болуға, кез-келген жағдайда көмек сұрауға, жасырып қалмауға мамандар тарапынан кеңестер берілді.

**«Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы»** «Аққу» қыздар ұйымының жетекшісі А.Ж.Шомакованың ұйымдастыруымен жоғары сыныптың оқушы қыздары арасында "Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі" тақырыбында қыздар жиыны болып өтті. Жиынға ауылдық медбике фельдшері Бапышева Қ.М., мектеп психологы А.К.Шомакова қатысты. Психолог А.К.Шомакова баяндама оқып, арнайы тренингтер жүргізді.

**Ер балалар** арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу барысында:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- ер балалардың азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған ер баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуда учаскелік полиция инспекторларымен кездесулер, ер балалар арасында жиналыстар өткізілді.

**ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы** аясында “Өнерім саған, Тәуелсіз Қазақстаным!” тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты: Жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезім ұялату ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру, еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қалыптастыру. “Жас ұлан” және “Жас қыран” бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына оқушылар салтанатты түрде қабылданды. Мақсаты: Азаттыққа қол жеткізгенге дейінгі

халқымыздың өткен өмірі, бүгінгі мен келешегін кең көлемде насихаттау. Қазақта «Жеті атасын білмеген ұл жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген ел жетесіз» деген сөз бар. Әрбіріміз егемендіктің қандай жолмен келгенін жүрегімізбен сезгенде ғана еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болады деп дәріптеу.

Тәуелсіз жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жана ұрпақ қалыптасқанын, Жаңа Елордамыз салынғанын, ең үлкен табысым да, ең үлкен бақытым да деп жиынымызды аяқтадық.

**Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу.** «Экстремизм және терроризм: ұғымы, мәні, көріністер формасы» тақырыбында 9-сынып оқушыларымен ауыл молдасымен кездесу өтті. Мақсаты: оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру. «Экстремизм» ұғымы – латынның *extremus* сөзінен шыққан, аударғанда «соңғы, ақырғы», тәртіпсіздікке азғыратын, азаматтыққа бағынбайтын, лаңкестік әрекеттер мен партизандық соғыс әдістерін пайдаланатын, «көзқарастар мен әрекеттерге соңына дейін берілген адам» деген мағынаны білдіреді. Мұндай топтағы адамдар ымыраға келуді, келіссөз жүргізуді, келісім жасауды қабылдамайды. Экстремизмді қай қырынан қарасақ та, ол терроризмнің идеологиялық бастауы болып есептеледі. Ол терроризмге идея беріп, оны рухани тұрғыдан нәрлендіріп отырады, террористер мен лаңкестік әрекеттерді «кек алу» немесе «қасиетті соғыс» деген желеулермен ақтайды. Сондықтан, террористер жасап отырған барлық әрекеттерге экстремизм жауапты деген тұжырым дұрыс болып табылады. Діни экстремизм мен терроризмнің мақсаты еліміздің береке, бірлігін тұтастығын, бейбіт мамыражай күндерін қандай жолмен болсын «ұрлау» болып табылады. Елімізге сырттан келген діни ағымдар күн өткен сайын халық тарапынан тойтарысқа ұшырауда. Жалпы, қазақстандық қоғам радикализмге жетелейтін бұл жат ағымға теріс көзқараста. Осы себепті бүгінгі күнде еліміздегі жат ағым жақтастарының саны азайып жатқандығы жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық - патриоттық, көркем – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету барысындағы тәрбиелік шаралар мен пәндік негіздегі көрсеткіштер: шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері бойынша оқу жылының басында аудандық жоспарға сай мектепшілік жоспар құрылды. Мұғалімдер өз жұмыс жоспарларын ортаға салды. Жоспарға сай мұғалімдер оқушылармен ғылыми оқуларға, олимпиадаларға, марафондарға дайындық жұмыстарын жүргізді. «Айқанат» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 8-сынып оқушылары қатысты, бірақ нәтиже болмады. «Ертіс дарыны» облыстық сырттай мектебі, «Жас кемеңгер» сырттай оқуларына өкінішке орай оқушылар қатысуға үлгермей қалды. «Ақбота» республикалық марафонына біздің мектеп оқушылары өте белсенді қатысты, нәтиже де жоқ емес. Жалпы қатысқан 39 оқушының 33 оқушысы жүлделі орындаға ие болды. 5-6-сынып оқушылары арасында өтетін - «Мың бала» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінен мектебімізден 9 оқушы жеңімпазы атанды. Облыстық кезеңге Екібастұз қаласына барып, электронды түрде тест тапсырып, 5 оқушы жеңімпаз атанды. Жеңімпаздың бірі Канатова Каусар Павлодар қаласындағы Білім және Инновация мектебіне өтінім

тапсырды. Биылғы оқу жылында 3-сынып оқушылары әртүрлі байқауларға қашықтан қатысып, жетістіктерге жетті. Атап өтсек: Катаев атындағы Достық балалар үйінің ұйымдастыруымен өткен шығармашылық байқауларынан бірнеше мәрте жеңімпаз атанды. Аудандық деңгейде өткен «Тұлпар мініп ту алған» «Ер Едіге» байқауына қатысып Ермекқызы Альмира 2-орын иеленіп, 100000 теңге жүлдеге ие болды. Мұқағали оқуларының аудандық кезеңінен 1-орын иеленіп, облыстан да жеңімпаз атанды. Осындай жетістіктері үшін «Балдәурен» оқу сауықтыру орталығына жолдамаға ие болды. Ол жақта да бірнеше жетістіктермен көзге түсті. Боранбай Асылжан, Бақыт Шынар - «Зерде» ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінен жеңімпаз атанды. Олжатай Назерке – аудандық қазақ тілі, әдебиеті пәні олимпиадасы – III орын. Шучинск қаласында өткен Хакатон байқауынан қола жүлдеге ие боп қайтты. Жасөспірімдер олимпиадасынан Орынбай Қаламқас информатика пәні бойынша 3-орынға ие болды. 5-6-сынып оқушылар арасында өткен аудандық пән олимпиадасынан құр алақан емеспіз, 4 оқушымыз жеңімпаз болды. Өнер сайысынан домбыра бағыты бойынша Қабиден Нұртуған жеңімпаз атанса, Шәкен Айманов оқуындағы кино бағытынан үш бірдей жұмысымыз жеңіске жетті. Спорт жетістіктері де жоқ емес, шаңғы, жүгіру, тоғызқұмалақ түрлерінен орындар жетерлік, облыста Сүлейменов Дәурен бақ сынап қайтты. «Жас ғалым», «Зерде» ғылыми жұмыстар байқауының мектепшілік кезеңі де ойдағыдай өтті. 21 оқушы өз дайындаған жұмыстарын ұстаздардан құралған сараптамалық топтың алдында ортаға салды. Әр жұмыс тыңғылықты қаралып, жетекшілеріне ескертулер мен ұсыныстар айтылды. Павлодар облысының білім беру басқармасымен II дәрежелі дипломмен Республикалық балалар оқулары байқауының облыстық кезеңінде жүлдегер атанған 6-сынып оқушысы Қабиден Нұртуған марапатталды. Сонымен қатар, биылғы оқу жылында облыстық «М.Мақатаев оқуларына» 9-сынып оқушысы Ермекқызы Альмира «Бас жүлде» иегері атанып, республикаға жолдама алды. Аудандық Мағжан оқулары конкурсына «Жасынан оқу оқып, өнер қуған...» номинациясында 7-сынып оқушысы Тусупова Ботагөз , Идрисов Арман I дәрежелі дипломмен арапатталды. Облыстық III дәрежелі дипломмен «Мағжан оқулары» конкурсы жүлдегері 7- сынып оқушысы Тусупова Ботагөз иеленді. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен 3 дәрежелі дипломмен 6-сынып оқушысы Қабиден Нұртуған ие болды. Аудандық «Абай оқуларына» 4 оқушы қатысып, 7 -сынып оқушысы Серікбай Ләйлә I орынға ие болды. «Топжарған - 2022» деген атпен мектебімізде дәстүрге айналған іс-шаралардың бірі – «Дарын-2022» слеты. Биылғы шараға оқушылар өздері жайында бейнежазба дайындап, көпшіліктің құрметі мен ілтипатына ие болуымен ерекшеленді. Оқушылардың осы жылы алған барлық марапаттары аталды. Биыл мектеп оқушыларының дипломдары өткен жылдарға қарағанда айтарлықтай көп болды. Дипломның көп болуы да ұстаздардың арқасында. Әрине, әрбір дарынды оқушының жетекші мұғалімі болады. 24 оқушы мадақтамамен марапатталды. Шара соңында оқушылар «Алға, Қазақстан!» деген әуенмен флешмоб биледі. Жалпы білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркем – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету барысындағы тәрбиелік шаралар мен пәндік негіздегі көрсеткіштердің шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері жалпы нәтижелері жақсы деп танылды. Тәрбие жүйесінде жастарымызды рухани және ұлттық

құндылықтарын дұрыс бағалауға үйрету, баулу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараларға тоқталсақ, «Мектепке жол», «Қамқорлық» қайырымдылық акциялары атқарылды. Сонымен қатар, «Қамқорлық» акциясы шеңберінде мектебімізде «Жәрмеңке» өткізілді. Жәрмеңкеге оқушылар үйден тәттілер, қолөнерлер әкеліп сатты. Жиналған қаражатты оқушылар қайырымдылық қорына жіберді.

Мектептегі психологиялық қызмет бойынша төмендегідей іс-шаралар атқарылды. Мақсаты: Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету, психологиялық тренинг және оқушылардан сауалнамалар алынды. 1-сынып оқушылармен мектепке дейін беймделу деңгейін қалыптастыру мақсатында ара қашықтық сақтай отыра психологиялық ойындар өткізілді. 8-сынып оқушыларымен психологиялық «Жіп тілегі», «Зорлық-зомбылыққа қарсымын» атты сауалнамалар алынды. 6- сынып оқушыларымен «Буллинг және Кибербулинг» бойынша сауалнама алдынды.

Оқушылардың сыныптағы көңіл күйін анықтау мақсатынды 7- сынып оқушылармен «Менің көңіл күйім қандай?» смайлик бойынша анықтау және түрлі психологиялық тренингтер «Джунглидегі жаңбыр» сергіту мақсатында түрлі жаттығу ойындары жүргізілді. Сонымен қатар 8-9-сынып оқушылармен «Зорлық зомбылыққа қарсымыз», мектеп медбикесі А.И.Токенова мен мектеп психологымен бірлесе 7-9- сынып оқушылармен отырып, қыздар арасында «Жыныстық тиіспеушілік», «Ерте жүктілік деген не?» атты алдын алу бойынша қыздар арасында дәріс оқытылып, кеңес берілді. Қыздар өз ойларын ашық, еркін жеткізіп, ойларын ортаға салды.

Бастауыш буыннан жоғары буынға қалыптасуына байланысты 5- сынып оқушылары «Менің сыныбым», «Дос болайық» атты тренингтер, сауалнамалар жүргізілді. Қорытынды бойынша қалыптастыру деңгейі жоғары. Жоғары сыныппен оқушыларымен «Өмір қандай тамаша?» атты сурет бойынша өз ойларын көрсетті, суицидтің алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді. Білім беру бөлімінің хатына сәйкес 5 -6- сынып оқушылармен «Интернеттегі алаяқтық» атты жұмыс жүргізілді. Жастар арасында вейп шегетіндердің саны күн сайын артып келеді осыған байланысты 8-9-сынып оқушылармен «Вейп деген не?» денсаулыққа зиян екенің дәріс оқылып, слайд көрсетілді. Кәсіптік бағдар беру бағыты бойынша «Менің болашақ мамандығым», «Кім болғым келеді», кеңес «Отбасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие», «Бейімделу кезеңіндегі баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктері» атты ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Қауіпсіз жазғы демалысты ұйымдастыру мақсатында кеңес ұйымдастырылды.

Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, адами құндылықты меңгертуде іс -шаралар жүйелі жүргізілуді. Айта кетсек, «Кітап әлеміндегі үздік кейіпкерім», «Білімге құштар», «Үздік оқырман» сайыстары, зияткерлік білім сайыстары, логикалық ойындар жүйелі түрде өтуде.

Азаматтық, патриоттық, құқықтық тәрбие бағытындағы басты іс-шараларға тоқталсақ, оқушыларға құқықтық сауаттылық, қауіпсіздік ережесі туралы мәліметтер беруде мектепішілік «Ақпараттық және киберқауіпсіздік» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында информатика пәні

мұғалімі А.Б.Макаров интернет қауіпсіздігі және әлеуметтік желілерде кездесетін әртүрлі кедергілерден сақтануды оқушыларға сауалнама түрінде сұрақ қоя отырып талқылады.

"Қарттар күніне" орай суреттер байқауы өтті, балалар ата-әжелерін әдемі суреттермен құттықтады. Сондай-ақ әр сынып бейне құттықтаулар дайындап, ата-әжелерге арнайы мерекелік дастархан ұйымдастырылды.

Алғыс айту күнін мерекелеу қарсаңында "Рахмет саған, туған жер" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының соңында балалар өз алғыстарын түймедақ түрінде білдірді. Мереке қарсаңында суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі аясында «Қош келдің, Әз- наурыз!» , «Ұлттық ойындар» ойнатылып, мерекелік шарамыз жоғары деңгейде өткізілді. Мектепшілік 5-6-сынып оқушылар арасында мерекеге орай ұлттық ойын «Бес асық» , «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» спорттық ойындарынан жарыс өтті.

8 наурыз «Халықаралық әйелер күні» мерекесі қарсаңында «Тақия ФЕСТ» тақырыбында қыздарға тақия тігу үлгілері көрсетіліп, «Ұлттық тағамдар» фестивалі өткізілді. Іс-шара соңында мектептің ұлдар қауымы барлық нәзік жанды қыздарымызға гүлдер сыйлады. «Қыз баланың психологиялық даму ерекшелігі», «Зиянды әдеттерден аулақ болайық!» тақырыптарында медбикенің қатысуымен оқушылар жиналысы өткізілді.

«ЭКОboom» облыстық жобасы, «Пайдаланылған батареялар мен ПВХ-дан жасалған бұйымдарды кәдеге жарату» акциясы аясында оқушылар пайдаланылған батарея мен ПВХ өнімін жинау іс шарасын жалғастырды.

Табиғатты аялау, сұлулықты бағалау, көркемдікті түйсіну, тазалықты сақтау бағытында «Қолданылған батареяларды тапсыру», «Жасыл табиғат», «Таза табиғат» акциялары жүргізілді.

«Руханият» бағыты бойынша бірыңғай күндер күнтізбесін іске асыру- "Мейірім-fest" парасаттылықтың бірыңғай күні қарттарға болысу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері Жамикова Рысты апаға және Егеубай атамызға көмек қолын созып, аула маңын тазалап, отын әзірлеп берді.

Қаражар негізгі жалпы білім беру мектебі «Жас Ұлан» ұйымының белсенділерінің отырысы өтті. Аталған жиында белсенділер жаңа оқу жылына жоспармен танысып, ұйымның жұмыс ауқымына шолу жасады.

«Менің туым» облыстық жобасы бойынша отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм ұлттық мінез-құлықтың бір нышаны болған. Осыған байланысты балалармен жұмыс жүргізуде патриотизмді насихаттау бойынша білім алушылар өз шығармашылық жұмыстарын жолдады.

## **1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

Мақсаты: білім алушылардың бойында патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім; тұлғалық еркіндік құндылығын; адамаралық және топаралық төзімділік құндылығын; зорлық зомбылық пен агрессияға жол бермеу; меншік пен материалдық молшылыққұндылығын; еңбекті құрметтеу; өмірге деген құрмет сезімін; түрлі кемсітушілікке жол бермеу, адамдардың теңдік құқығы идеясының принципін қалыптастыру.

2022 жылдың 1 қыркүйек күні Қаражар ЖНББМ **1 қыркүйек – Білім күні** мерекесіне орай жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиын өтті.

«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында 1-9-сыныптар бірыңғай сынып сағаты өткізді. Сынып сағатында Қазақстанның жаңа басымдықтарын талқылауға, білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбекқорлық қасиеттерінің адам өміріндегі рөлін талқылауға басты назар аударылды. Сонымен қатар сынып сағатына кәсіби тұрғыда жетістіктері бар, еңбексүйгіш, білімге деген ұмтылыс, отансүйгіштік құндылықтарының жарқын көрінісі болған қонақтар шақырылды. Сынып сағатында білім алушылар жазғы демалыстан алған әсерлерімен бөлісті. Сабақ барысында жаңа технологияларды, қосымша көрнекі құралдар, кітапхана ресурстары қолданылды.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаментінің бастамасымен «**1 қыркүйек – Білім күні**» мерекесіне орай, ел аумағындағы барлық білім беру ұйымдарында дәстүрлі түрде бірыңғай «**Адалдық сағаты**» жоспарланды. 1-9-сынып оқушылар арасында "Адалдық сағаттары" өткізілді. Адалдық сағаты барысында бейнероликтер көрсетіліп, сахналық қойылымдарды тамашалап, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, адалдық туралы өзіндік ой-пікірлерімен бөлісті.

«Білім күніне» байланысты өтетін шарада өскелең жас ұрпақтың бойына адалдық, парасаттылық, әділдік және сенім құндылықтарын қалыптастыру маңыздылығы ескерілуі қажет.

Өткізілген шараға Баянауыл аудандық білім бөлімінің әдіскерлері, мектеп директоры, халық арасында абырой, құрметке ие белсенді азаматтар мен зейнеткерлікке шыққан педагогтар шақырылды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алуда бірқатар профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

- ішкі істер органы қызметкерлерімен бірлесіп кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта жүруінің алдын алу бағытында жоспар түзіліп, рейдтік іс-шаралар жүргізілді;

- электр сымдарын қолдану барысы мен қауіптері жөнінде БАҚ-тар мен әлеуметтік желілердегі парақшаларда жарияланды;

- улы газбен уланудың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді;

- учаскелік полиция қызметкерлерімен бірлесіп елдімекендердегі ашық септиктер, кәріз құдықтарын анықтап, түсіндірме жұмыстары жүргізілді;

аудан көлеміндегі өзен-су айдындарының барлығы қауіпті аймаққа жатқызылатыны ескертіліп, оқушылар мен ата-аналарға арнайы жаднамалар таратылды.

**Құқық бұзушылық, тәртіп бұзудың алдын-алу мақсатында түнгі рейд.** Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, қоғамдық орындарда тәртіп бұзу, келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында, жасөспірімдердің түнгі мезгілде беймезгіл жүруін қадағалау мақсатында ДТІЖО және кезекшілердің қатысуымен Қаражар ауылы аумағындағы орталық көшелерде рейд және түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 2022 жылдың 10 сәуір мен 20 мамыр күндері аралығында **"Абайлаңыз, балалар!"** тақырыбында Республикалық акция барысында "Абайлаңыз, балалар!" атты іс-шаралар өткізілді. Басты мақсаты – жол-көлік жарақаттануының алдын алу және жол-көлік оқиғаларын балалардың қатысуымен болдырмау. Ақсан ауылдық округі полиция қызметкері Ксентаев Нұржан Батыржанұлы, "Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқушыларымен жол-көлік оқиғаларына ұшырау деректерінің алдын алу мақсатында арнайы дәріс сабақтарын өткізді. Онда балаларға жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған бейнероликтер көрсетіліп, жол қозғалысы ережесін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

- "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мектеп пен ата-ана байланысы" тақырыбында ата-аналар жиыны өтті.

Зорлық - зомбылықтың алдын алу мақсатында 7-9-сынып оқушылармен зорлық - зомбылықтың түрлері тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Психологтар өздерінің оқушыларға түрлі келеңсіз жағдайларға ұшырағанда психологиялық көмек алу үшін сенім телефондары және инстаграм, телеграм парақшалары таныстырылды. Сыныптардан отбасында және мектепте көрсетілетін зорлық - зомбылықтың орын алуын анықтау мақсатында сауалнама алынды.

**Қыздар арасындағы жұмысты жандандыру аясында «Аққу» қыздар клубы** құрылған. Мақсаты: Мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру. Осыған орай жылдық жоспар түзіліп, бекітілді. Қыз бала — ұлттың ұяты, халықтың шырайы. Жоспар бойынша қыздар арасында қыздар кеңесі құрылып, әр сыныптан қыздар арасында төрайымдар сайланып, сынып қыздары туралы мәлімет алынды. Айына бір рет қыздар арасында жиналыс өткізіліп отырады. Өткізілген жиналыстарда бастауыш және жоғары сынып бойынша оқушы қыздардың тазалығы, оқу үлгерімі, тәртібі қаралып отырды. Соның ішінде сабақтан себепсіз қалатын, қоғамдық-көпшілік жұмыстарға қатыспайтын, тазалығы, оқу үлгерімі төмен қыздармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Өткізілген жиналыстардың хаттамалары толтырылып отырылады.

Жоспарға сай жиналыстарда қыздар арасында «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі», «Жеке бас гигиенасын сақтай біл», «Салауатты өмір салты», «Қыз - болашақ ана» тақырыптарында баяндамалар оқылады.

Мектеп тәлімгері және қыздар «Аққу» ұйымының жетекшісі А.Шомакова ұйымдастыруымен 8-9-сынып қыздарымен ауқымды жиналыс өткізілді. Жиналысқа мектеп медбикесі А.Токенова, мектеп психологы А.Шомакова



қатысты. 10.10.2022 күні 7-9-сынып оқушы қыздар арасында мектептің Аққу қыздар ұйымының жетекшісі А.Ж.Шомакова ұйымдастыруымен «Ибалы иман жүзді қыз баласы» жоспарына сәйкес дөңгелек үстел ұйымдастырып өткізді. «Қыздар күтімі жайлы» атты қыздар жиналысы өтті. Жалпы жиынға 12 қыз бала қатысты. Жиын алдағы уақытта жалағасын табады.

### **«Мирас» ұлдар клубының жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылы**

Мақсаты: Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеу. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аталардың рөлі ерекше екендігін түсіндіру мақсатында жоспар бойынша төмендегі іс-шаралар жүргізілді. «Зиянды әдеттен сақтану». Мақсаты: Жасөспірімдердің құқығын қорғау және қылмыстың алдын алу. "Ағаштан қолөнер жасап үйрену", «Ұлдар жеке бас гигиенасы» дәрігермен кездесу. Жасөспірімдермен жекелей әңгіме өткізу, психологиялық ерекшеліктеріне қарай. «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз», «Күш атасын танымайды» «Тәуелсіздік- тұғырым», тақырыптарында салауатты өмір салтын сақтауға баулу мақсатында спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Сондай-ақ мектеп жасындағы балалардың түнгі уақытта көшеде жүрмеуі, ойын-сауық орталықтарына бармауы және сабақтан тыс кездегі бос уақытын тиімді пайдалану жайындағы ұсыныстарымен жалғасты. Жолда жүру ережелері, бала өмірінің қауіпсіздігі, тәртіп бұзушылық туралы түсінік берілді.

25 қазан Республика күні мерекесіне орай мектеп ұжымы және 1-9-сынып оқушылары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады. Әнұран – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Оқушылардың бойына рух беріп, патриоттық сезімдерін арттыра түсті.

**4 маусым Рәміздер күніне орай 2022 жылы мамыр айында Мемлекеттік рәміздер күні** атап өтілді. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болып, еліміздің іргесі нық болу үшін мемлекеттік рәміздерді қастерлеп, құрметтеуіміз қажет. Мемлекеттік рәміздер - еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін білдіретін нышандар. Мемлекеттік рәміздер - біздің мемлекетіміздің өткені мен бүгіні, болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. Мемлекеттік рәміздердің құрылғанына 30 жыл толуына орай 7-сынып оқушыларымен жетекшісі Мурсалова Алмагуль Илдебаевна «Рәміздер күні» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Сабақ барысында оқушылар патриоттық әндер айтып, рәміздер жайында ойларын өлең шумақтарымен жеткізді. Мектебіміздің кітапханашысының ұйымдастыруымен "Рәміздер - елдігіміздің белгісі" тақырыбында оқушылар жыр шашуларын арнады. Мектеп ұстаздары Мемлекеттік әнұранды бірге шырқап, отанға деген сүйіспеншіліктерін жеткізе білді. Біз Тәуелсіздігіміздің нышандарын көзіміздің қарашығындай сақтап, қасиет тұтуымыз қажет. Еліміздің әрбір азаматын Қазақстан Республикасының туын, елтаңбасын, әнұранын білуге және құрметтеуге шақырды.

**«16 желтоқсан- Тәуелсіздік күні»** мерекесіне орай іс-шара өткізілді. Мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу. «Менің Отаным - менің отбасым» тақырыбында 5-9-сыныптар арасында шығарма жазу байқауы, «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тақырыбында спорттық жарыстар,

«Тәуелсіздік –тірегім» тақырыбында челлендж, 5-9-сыныптар арасында «Тәуелсіздік бастауы – желтоқсан» тақырыбында көркемсурет байқауы, сонымен қатар «Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз» тақырыбында кітап көрмелері ұйымдастырылды. Тәуелсіздік жайында сөз қозғаған ақындардың жыр шумақтарымен таныстырып, Тәуелсіздік жайындағы шығармаларды оқушы назарына ұсынды.

«Тәуелсіздік-тірегім, болашағым» тақырыбында 2-сынып оқушыларымен 5-сынып оқушыларын Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. Жиынға ата-аналар комитетінің төрағасы Д.Д.Идрисова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Ф.Ахметова және ата-аналар шақырылды. 2-сынып оқушылары «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының антын орындап, жиынға шақырылған қонақтар, ұстаздар мен «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері оқушыларға «Жас қыран» ұйымының арнайы галстугі мен төсбелгісін тақты.

«Адал ұрпақ» еріктілер клубының 2022-2023 оқу жылы.«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 секцияда жұмыс істейді.

1. Жемқорлыққа қарсы білім секциясы- дәрістер, дөңгелек үстел және басқада ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы- бейнероликтер мен сурет байқауын өткізуге ұйытқы болады;

3. Мәдени-көпшілік іс-шаралар секциясы- флешмобтар дайындап, қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізеді.

«Адал ұрпақ» мектеп клубының 2020-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бекітіліп, «Парасатты азамат» бұрышы құрылған. Оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған тақырыптық сынып сағаттары, «Құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтың алдын алу» мәдениетін соның ішінде сыбайластық жемқорлық қалыптастырудағы отбасының ролі туралы сыныптың ата –аналар жиналысы, «Қазақстан - зайырлы мемлекет» шығарма байқауы, «Адал және сатылмайтын еңбек» суреттер сайысы және «Жемқорлыққа қарсы күрестің тарихы терең» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

2022-2023 оқу жылы бойынша діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыс жоспары бекітіліп, сынып сағаттары және сыныптан тыс іс-шаралар жүргізілді.

## **2022-2023 оқу жылы**

### **2. Рухани-адамгершілік тәрбие**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» берілген бағыттардағы шағын бағдарламаға сәйкес қарастырылуы керек, «Жақсы кітап-жан азығы» жобасының мақсаты: туған өлкенің тарихы,мәдениеті және дәстүріне деген құрметі мен қызуғышылығын ояту.

### **Тіл мәртебесі – ел мәртебесі**

5 қыркүйек Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында мерекелік іс-шара өтілді. 5 қыркүйек күні «Ізденіс» пәндер бірлестігінің апталығы ашылды. Бірлестік жетекшісі А.И.Мурсалова тіл мерекесімен құттықтап, онкүндік іс-шараның бағдарламасымен таныстырды. «Тілге құрмет – елге құрмет» тақырыбында арнайы ашық сабақ ұйымдастырылды. Білім алушылардың зияткерлік қабілетін шыңдау, тілге деген

кұрметін арттыру, тапқырлыққа тәрбиелеу мақсатында 5-9-сынып оқушыларымен топтық «Сөзмерген» сайысы өтті.

I. «1001 мақал» кезеңі; Мұнда қатысушылар берілген суреттерден мақал-мәтелдер құрастырды. Дұрыс құрастырылған әр мақал-мәтелге 1 ұпайдан берілді.

II. «101 жұмбақ» кезеңі; Қатысушы топтар дайын жұмбақтардың жауабын тауып, үш тілде айтты. Әр дұрыс жауапқа 10 ұпайдан берілді.

III. "Танысың ба?" кезеңі. Қатысушыларға экраннан 10 ақын, жазушылар, өнер адамдарының суреттері көрсетілді. Қатысушы топтардың екі қатысушысы, қалған екі қатысушыға суреттегі тұлғаны сипаттап айтып берді. Сайыс нәтижесінде 46 ұпай санымен тең дәрежеде аяқталды.

### **«Оқуға құштар мектеп» балалар оқулары байқауы**

Тұлға ретінде дамуымызға, біздің ойлау қабілетімізді жақсы қалыптастыратын бірден-бір зат - кітап. Кітап бізді «Ақыл мәдениетіне» үйретеді, тереңірек ойлауды, есте сақтау қабілетімізді жақсартады, зейінімізді, ойымызды жаттықтырады. Сондай-ақ, нақты, дәлелді сөйлеуге дағдыландырады, сөз құдіреті мен қасиетін ұғындырады. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында мектеп кітапханашысы Д.Д. Идрисованың ұйымдастыруымен балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, қазақ және шетел әдебиетін, ақын-жазушыларының шығармаларын терең зерттеуге шақыру және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімді қалыптастыру мақсатында «кітап оқу байқауы» болып өтті. Байқауға 5-9-сынып оқушылары қатыстырылып, екі кезеңнен өтті.

1. Оқыған кітабын таныстыру ( мазмұнын ашу), 6 минут

2. Оқыған шығармасына байланысты эссе жазу.

3-4 сынып – «Ертегілер әлемінде» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына арналған кітаптар («Қазақ ертегілері» және «Алпамыс батыр» ертегілері.

5-6 сынып – «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында орта буын оқушыларына арналған кітаптар («Мен – апамның баласымын» және «Ағайынды Гриммдер ертегілері»);

7-8 сынып – «Ғасырлар тарихты жырлайды» тақырыбында жасөспірімдерге арналған кітаптар («Ұшқан ұя» және «Гулливёрдтің саяхаты»);

9- сынып – «Ұлы Дала жырлары» және «Ұлы Дала ұлағаты» тақырыбында жоғары сынып оқушыларына арналған кітаптар («Көшпенділер. Алмас қылыш», I. Есенберлин және «Робинзон Крузо», Даниэль Дефо

### **Оқуға құштар мектеп**

#### **М.Әуезов-125 жыл**

Заманымыздың заңғар биігі, кемеңгер, зергер жазушы М.Әуезовтің туған күніне орай Мұхтар Әуезовтің атымен аталатындықтан, мектебімізде шаралар ұйымдастырылды. М.Әуезов - ғұлама ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы. Арнайы кітап көрмесі шығарылды. Сонымен қатар, білгір зерттеуші, сан мыңдаған шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан ұлағатты ұстаз, әр түрлі жанрда қалам тербеген жазушы. Әлемдік деңгейдегі ұлы тұлға - М.Әуезовтің асыл мұраларын оқушыларға таныстыру мақсатында мектеп кітапханасында шығармаларынан, еңбектерінен жасалынған "Заңғар жазушы" атты кітап көрмесі таныстырылды. Сонымен қатар, "Ұлыдан қалған мұралар" атты видео-шолу жасалды. Шолуға қатысқан 7-8- сынып оқушылары М.

Әуезовтің шығармаларына жанрлары бойынша талдау жасады. Және де оқушылар жазушының "Кінәмшіл бойжеткен", "Қорғансыздың күні", "Абай жолы" кітаптарын оқығандағы ойларын ортаға салды.

### **Республикам менің**

25 қазан Республика күніне орай мектеп кітапханасында "Елім менің - Қазақстан" атты кітап көрмесі жасалып, оқырмандарға кітапхана меңгерушісі айтулы мерекенің мәні мен мағынасын айтып, көрмедегі кітаптармен таныстырды. Оқушылар іс шара барысында мерекеге байланысты Отан, Туған жер туралы өлең шумақтарын айтты. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында кітапхана меңгерушісі Д.Д.Идрисова мен музыка пәнінің мұғалімі А. Ерқалының ұйымдастыруымен 25 қазан Республика күні мерекесіне орай "Менің елім-Қазақстан" атты тақырыппен патриоттық кеш өткізілді. Отанын, елін, жерін, тілін, тарихын құрметтейтін, жаны таза, адамгершілігі мол азаматты қалыптастырып, патриоттық тәрбие беру мақсатында өткізілген кеш барысында оқушылар патриоттық тәрбие алды.

### **Тәуелсіздік тірегім.**

Тәуелсіздік-халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған қажырлы күресінің өтеуі. Алты алаштың айбынын асқақтатқан Тәуелсіздігімізге биыл 31 жыл. Осы орайда мектеп кітапханасында "Тәуелсіздік-Мәңгілік елдің мұнарасы" атты тақырыппен ақын -жазушылардың өлеңдерінен 2-9-сыныптар арасында жыр марафоны ұйымдастырылды. Әр сыныптан оқушылар Тәуелсіздік, Отан, Туған жер туралы, Желтоқсан оқиғасының құрбандарына арналған өлеңдерді жатқа оқып, белсенділік танытты. Кітапхана меңгерушісі "Мәңгі жаса-Тәуелсіз қазақ елі!" және "Желтоқсан оқиғасы - Тәуелсіздік бастауы" атты кітап көрмесіне шолу жасап, таныстырды. Тарих пәні мұғалімі А.К Токенова оқушыларға Желтоқсан оқиғасы туралы және оның себеп салдарына тоқталып, желтоқсанның құрбандары туралы да тың деректер айтты.

### **2021-2022 оқу жылы. Рухани-адамгершілік тәрбие**

#### **Оқуға құштар мектеп**

Балалар жазғы каникулда. Кітапты бірге оқимыз.

Мектеп оқушылары жазғы каникулды құр босқа жүріп өткізбей қызықты кітаптар оқып, өздерінің кітап оқуға деген құмарлықтарын оятып, шығармашылықтарын шыңдауда. 3-сыныптан Қабиден Мерей, 5-сыныптан Қабиден Нұртуған, Орынбай Жанторе, 7-сыныптан Идрисов Арман жазғы каникулды тиімді өткізетінін және кітапты сүйіп оқитындықтарын көрсетті. Кітап оқу мәртебесін көтеріп, балалардың үйде отырып жақсы кітаптарды оқуына ықпал жасап отырған ата-аналар да көркем әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықтарын танытты.

#### **Каникулда кітап оқы**

Жазғы каникулда кітап оқу - балалардың кітапқа деген белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамытады. "Жаз қызығы кітаппен" дегендей кітапханада балалармен жазғы каникулды қызықты әрі әсерлі өткізу мақсатында түрлі ойындар, жұмбақтар, жаңылтпаштар мен сөзжұмбақтар шешіп, көңілді әдеби серуендер ұйымдастырылды. Сондай-ақ түрлі өлеңдер оқып, оқыған кітаптары бойынша пікір алысты. Нәтижесінде көп оқыған, білгір, белсенді оқушылар сыйлықтармен марапатталды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқушылардың жақсы кітаптарды оқуына жағдай жасап, кітап оқуға құштарлығын ояту мақсатында "Bilimshini.kz"- республикалық педагогтар мен оқушылар сайтында "Каникулда кітап оқимыз" марафоны басталған болатын. Аталған марафонда 2-9-сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай таңдалған кітаптардың электронды нұсқасында ашылған кітапты жүктеп алып оқыды. Байқауға оқырмандарымыз қызығушылық танытып, асқан белсенділікпен қатысты. Нәтижесінде оқушылардың және ата-аналардың да көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығы дамыды, оқушылар электронды кітаптарды Qr-код арқылы оқуды меңгерді.

### **Алтынсарин 180 жыл**

#### **Оқуға құштар мектеп**

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай "Қазақ балалар әдебиетінің атасы" атты 5-7- сынып оқушыларымен әдеби-танымдық кеш өткізілді. Алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын таныстырумен қатар әңгімелері арқылы оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында өткізілген шарада оқушылар ақын өлеңдерін жатқа айтты. Кеш соңында оқушылар ақынның "Өзен" өлеңінен буктрейлерді тамашалады. Осы орайда өлеңді талқылап, өз пікірлерін ортаға салды. Танымдық кеш оқырмандар үшін әсерлі өтті.

#### **Ахмет - ұлт ұстазы**

Қазақтың рухани көсемі атанған алаш ардақтысы, реформатор ғалым, тіл мен әдебиет ғылымдарының негізін салған ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы барша қазақ халқы үшін атаулы мейрам. Алаш баласының сауатын ашып, елімізді өркениетті мемлекеттердің қатарына қосуды мақсат тұтқан, «Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын. Ел-бүгіншіл, Менікі-ертең үшін» деген Ахмет Байтұрсынұлы болашақ ұрпақ үшін қызмет еткенін атап өту артық болмас. Тіл мерекесінің қазақ тілінің атасының туған күніне ауыстырылғаны құптарлық іс болды. « Ұлттық ұлы ұстазы» деген атпен өткен айлық біздің мектепте де өз деңгейінде аталды. Айлықтың шымылдығы 5 қыркүйек ғалымның туған күнінде ашылды. Оқушылар айлық жұмыс жоспарымен таныстырылды. Сонымен қатар кең көлемде өткен мазмұны әдеби кеш өткізілді. Ұстаздар ұлы тұлға туралы көптеген тарихи мәліметтермен таныстырып, оқушылар Ермекқызы А., Канатова А., және Идрисов С., ақын өлеңдерін нақышына келтіре оқып, көпшілік ықыласына бөлінеді. Бастауыш сыныптарда «Әліппенің атасы», ал жоғары сыныптарда «Ұлт ұстазының мұралары» деген атпен өткен сынып сағаттары да жоғары деңгейде өтті. Сынып сағатында 5-6 сынып және 7-8 сынып сағаттары біріктіріліп өткізілді. Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен шығармашылығы туралы бейне фильм интербелсенді тақта арқылы үлкен үзілісте көпшілік назарына ұсынылды. Апта бойы «Көркем сөздің зергері» деген атпен танымдық кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Ахмет –ұлы ұстаз» атты эссе байқауына да оқушылар қызығушылықпен атсалысты. Бұл байқауда Теміршот Айғанымның жұмысын ерекшелеп атауға болады. «Ұлттың ұлы ұстазы » деген атаумен мектеп тәлімгері А.Ж.Шомакова 6-8-сыныптар аралығында интеллектуалдық ойын өткізсе, мектепке дейінгі тәрбиеленушілерге тәрбиеші Кабышева Ф.С. ұстаз жайында бейнефильм көрсетті. Тарих пәнінің мұғалімі А.К.Токенованың ұйымдастыруымен «Ахмет мұраты және тәуелсіздік құндылығы» тақырыбында

дөңгелек үстел өтті. Бұл шараға қатысқан 8-сынып оқушылары белсенділік танытып, өз ойларын толық жеткізе білді, яғни өткенді білмей, келешекке жету мүмкін емес екенін түсініп, тәуелсіздігіміздің мыңжылдық шайқастардың жемісі екенін ойларын түйіп, оның туын биік ұстайтын азамат болатындарына уәде берді.

Үштілділік саясатты дәріптеген «Не? Қайда? Қашан?» атты интеллектуалдық ойында 5-9-сынып оқушылары үш топқа бөлініп, қазақ, орыс, ағылшын тілдердерінде әр түрлі деңгейде сұрақтарға жауап беріп, тапсырмалар орындап, сынға түсті. Әр топтың бір мүшесі әр алған ұпайы үшін қадам аттау арқылы алға озып отырып, жеңімпаз топ қызықты жолмен анықталды. Ойын өте тартысы өтті. Тапсырмалар мектеп бағдарламасын қаншалықты меңгерулерімен бірге оқушының дүниетануымын да сынауға арналды. Бұл ойында Ермекқызы Альмира, Ғалым Томирис және Идрисов Санжар сынды оқушыларымыз ерекше белсенділік танытып, көзге түсті. Тағы бір іс шара оқушы назарына өзімің ұйымдастыруыммен ұсынылды. Мерейтой иесіне жан-жақты қырын ашып, қаншама ғылым саласына сіңірген еңбегі мен қоғамдағы сүбелі қызметін көпшілікке паш етіп, оқушы зердесіне ұялату мақсатында «Ұшқыр ой алаңында» дебаттық кездесу өтті. Оқушылар алдын ала берілген бағыттар бойынша өз ойларын ортаға салып, қойылған сауалдармен толықтырып отырды. 7- сыныптың Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық жолы мен 6-сыныптың тілші ғалым ретіндегі ойлары ерекше болып, көпшілік ықыласына ие болды. Олар өздеріне берілген бағыт бойынша тыңғылықты дайындалып, оны ұсынуда да жауапкершілікпен дайындалғанын көрсетті. Ахметтей ұлы тұлғаның еліміздің жері, ұлтымыздың бойтұмары-тілі үшін жасаған батыл қадамдары, өз өмірін елі үшін құрбан етуге бел буған ерліктері кез-келген адамды бей жай қалдыра алмайды. Оқушылар өз ойларын үлкен тебіреніспен және ұстазға деген үлкен құрметпен ортаға салды. Пікірталас тартысты да, мазмұнды өтті.

5-9-сынып оқушылары «Ұлт ұстазымен үндесу» тақырыбында челлендж ұйымдастырды. 9-сыныптар арасында «Ұлт көсемі» тақырыбында зияткерлік сайысы өткізілді. Қосымша білім беру педагогы Д.Д.Идрисова ұйымдастыруымен «А.Байтұрсынұлы – ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында әдеби-сазды кеш өткізілді. Ол қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Апта бойы «Көркем сөздің зергері» танымдық кітап көрмесі ұйымдастырылды.

### **Кітап - алтын қазына**

Мектеп кітапханасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітап-алтын қазына" атты онкүндік іс-шарасы өтілді. 2022 жылы Ұлт ұстазы, Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай, ақын шығармалары "Бір ел-бір кітап" акциясы бойынша таңдауға түскен. Аталмыш іс шараның жоспарына сәйкес Қоғам қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ағартушы, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының шығармашылығынан, еңбектерінен кітапханада жасалған "Қазақтың рухани көсемі" атты кітап көрмесімен оқушылар таныса отырып, ақынның өмірбаяны туралы, қоғамдық қызметтері мен ақындық шығармашылығы туралы тың деректерден мағлұмат алды. Шолу барысында оқушылар ақын өлеңдерін, мысалдарынан жатқа айтып, ұлағатты сөздерін талқылады. Сондай ақ, оқушылар ұлт ұстазының шығармашылығынан жасалған буктрейлерді тамашалады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 23 сәуір Халықаралық кітап және авторлық құқық күні қарсаңында "Кітап-алтын қазына" атты мектепшілік онкүндік өткізілді. Іс-шаралар жоспарлы түрде тізіліп, алғашқы күні кітапқа презентация жасалып, кітап көрмесі таныстырылды. Балалар «Буккроссинг» жобасы бойынша өткен кітап акциясына келіп түскен жаңа кітаптармен танысты. Оқушылардан түрлі сауалдарға жауап алынды.

### **Алғыс айту күні**

Мектепте "Алғысым шексіз" деген ыстық ықыласты, ризашылық сезімдер білдірген қуанышты сәтті күн болды. 1 Наурыз - Алғыс айту күні. Өз Отанына, өз еліне деген кіршіксіз құтметі мен ата-анаға, ұстаздарға, жақсы-жайсаңдарға алғысын айтар әрбір адам бүгінгі мерекеге аса мән берері хақ. Мектеп директоры тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұйымдастыруымен "Мейірім шуағы" атты мерекелік кеш болып өтті. Кеш барысында бастауыш сынып оқушылары ата-аналарына, ұстаздарына деген ыстық лебіздерін, ризашылық сезімдерін ән айтып, би билеп, тілек өлеңдерімен жеткізді.

**Еріктілер жоспары бойынша** «Жасқырандардың мектеп ауласын тазалау» акциясы, «Біз буллингке қарсымыз» тақырыбында бейнеролик, күзгі демалыс жоспары бойынша оқушылар спорттық, ұлттық ойындарға қатысты, «Алтын жүрек» челленджі, «Жанында жүр жақсы адам» акциясы өтті. 8-9-сынып оқушыларына «Қоғамдық тәртіп негіздері» атты дөңгелек үстел өтті. Еріктілер тобы «Қайырымдылық сенің жанында» әлеуметтік акциясын қолдап қарт ата-әжелеріміздің үйіне барып, көмек көрсетті. Мектеп ұжымы мен оқушылары сенбіліктерде, әр жұма күндері мектеп ауласын жинап, тазалау жұмыстарын жүргізді. Еріктілер тобы «Мейірімділік – татулықтың кепілі» челленджіне қатысып, гүлдерді суарып, күтіп баптады. Халықаралық Жер күніне орай «Эко CROSS» акциясы өткізілді. Наурыз айында еріктілер тобы «Ақ бата» акциясына қатысып, қарт ата-әжелеріміздің үйіне барып, көше ауласын тазалап берді. Мамыр айында аудандық «Жас экологтар» форумына қатыстық, оқушылар ауланы жинады, макулатура, қалтық қалбырлар, пластикалық бөтелкелерді тапсырды, мектебімізден 5 оқушы, бір жетекші қатысты. Жыл соңында мектебіміздің «Еріктілер» тобы аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

### **30 жылдыққа- 30 кітап**

Оқырмандардың белсенді өмірлік ұстанымдарын жаңаша қалыптастырып, олардың білімге, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және ой-өрісін жан-жақты кеңейту мақсатында 6-9 сыныптар арасында «Тіл –ғұмыры, ұлт- ғұмыры» шарасы өткізілді. Бұл шығарма "Тәуелсіздіктің 30 жылдығына - 30 кітап" рухани-мәдени акциясы бойынша жыл таңдауына алынған кітап болатын. Шарада мектеп кітапханашысы жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы айтып, кітап көрмесімен таныстырды. 9- сынып оқушылары «Тіл –ғұмыры, ұлт- ғұмыры» шығарма жазып, жалпы шығарма желісін талқыға салды. Оқушылар іс шара барысында алған әсерлері туралы ой бөлісті.

### **Әлемді кітап арқылы танимын**

2021 – Балалар әдебиеті жылына орай "Бір ел-бір кітап" акциясы аясында «Кітаппен бір күн» атты таңдалған балаларға арналған шығармалардың оқылымын арттыру мақсатында балаларды көркем сөзге және әдеби шығармашылыққа баулу, ең көп оқитын оқырман балаларға, балалар әдебиеті

бойынша балалар жазушыларының шығармаларынан ұяшықтар арқылы берілген сұрақтарға жауап берді.

**ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!** 2022 жылдың 18 наурыз күні "Қош келдің, әз Наурыз!" тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Күн мен түн теңелгенде, жаңа ай толықсып толғанда, тұрмыс пен табиғат жаңарғанда жер жүзі жайнап, көк құт көзін ашқан. Іс-шара барысында қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінен көріністер көрсетіліп, ұлттық билер мен әндер шырқалды. Қазақтың ұлттық тағамдарымен қатар мерекелік ең сыйлы ас - наурыз көжелер дайындалды. Наурыз көжеге қосылатын жеті түрлі дәм молшылықтың, сәттіліктің, байлықтың, бақ пен берекенің белгісі болып табылады. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!- деп іс-шара өз мәресіне жетті.

"Ұлыстың ұлы күні - Наурыз" мерекесін 10 күн атап өту жөніндегі іс - шаралар жоспарына сәйкес

«Көрісу күні»

«Табиғат күні»

«Бабаларды еске алу және бата күні»

«Шежіре күні»

«Тарихқа тағзым күні»

«Игі істер күні»

«Спорт және шеберлік күні»

«Даналық және білім күні», «Зияткерлік күні»

«Ұлттық тағамдар күні»

«Ұлыстың Ұлы күні»

«Қадір тұту күні» жоспар бойынша аталып өтілді.

**2022-2023 оқу жылы**

#### **4.Отбасы тәрбие**

Мектеп директоры бұйрығы негізінде оқу жылы басында жылда ата-аналар комитетімен бірлесіп атқаратын жылдық жоспар жасалып бекітіледі. Жоспар бойынша әр тоқсанда бір рет ата-аналар комитеті төрағаларының /төрайымдарының/ мәжілісі өткізілді. Отбасы тәрбиесіне орай «Отбасы-бақыт мекені» республикалық апталық іс-шарасының ашылу салтанатты жиыны өтілді. «Қазіргі таңда ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас қандай?» тақырыбында бас қосу өтілді. Отбасында ата-аналары баланың әрбір ісіне жауапкершілікпен қарауға, бала тәрбиесіне жеткілікті уақыт бөлу, т.б жауыпкершілікті арттыру мақсатында жұмыстар жүргізді.

9-сынып оқушылары және ата-аналарының қатысуымен "Өмір, қымбатсың сен маған" атты тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты: өмір адам баласына бір-ақ рет берілетін қымбат сый екенін насихаттау, өмірдің мәнін ұғындыру.

Адам бойында кездесетін асыл құндылықтар, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін арттыру аса маңызды. Абай Құнанбаевша айтсақ, "Жақсыдан үйренетін, жаманнан жиренетін" ұрпақтарымыз жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман нәрселерден бойын аулақ ұстауы тиіс. Балалардың ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын, өздеріне сенімділігін қалыптастыру жолында еңбек етуден жалықпаймыз! Себебі бала - біздің болашағымыз!-деп мектеп психологы А.К.Шомакова психологиялық тренинг өткізді.

Ата-аналарға "Жаз маусымындағы және мереке күндеріндегі балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында жиналыс өтті. Жиналысты мектеп директорының



тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.М.Ахметова баяндама оқып ашты. Жиын барысында жаз кезінде сақталуға тиісті қауіпсіздік шаралары және ішкі тәртіп ережелері жайында түсіндіріп, бейнероликтер көрсетті. Ата-аналарға арналған жадынамалар таратылды. Судағы қауіпсіздік ережелерін есте сақтау керектігін айтып, жасөспірімдердің суда шомыла білмеуі, табиғат аясында серуенге балаларды өз бетімен шығаруы, адамдардың су қауіпсіздік ережелерін орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жататынын ескертті.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылды "Балалар жылы" деп жариялады. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық, бұл-біздің жалпыұлттық міндетіміз! "Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!?"-деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, өскелең ұрпаққа жол ашатын ауқымды іс-шара өткізілді.

**Қамқоршылық кеңесі.** Мектебіміздегі аз қамтылған, яғни атаулы әлеуметтік көмек алушы, атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жан басына шаққанда күнкөріс деңгейінен төмен, тұл жетім, қамқоршылық-қамқоршылықтағы балалар, жартылай жетім, көп балалы отбасылардан шыққан әлеуметтік осал топтағы балаларға қайырымдылық іс-шаралары үздіксіз ұйымдастырылып отырады. Соның бірі тамыз айындағы «**Мектепке жол**» акциясы. Акцияның мақсаты - мектебіміздегі қамқоршылықтағы балалар, аз қамтамасыз етілген, атаулы әлеуметтік көмек алушы, жартылай жетім, көп балалы отбасылардан шыққан балаларға аз да болса көмегімізді тигізіп, қол ұшын беру. Ата-аналар, ұстаздар қауымы, демеушілер тарапынан, соның ішінде мектебіміздің Қамқоршылық кеңес мүшелері де осы акцияға демеуші тартумен қатар өздері де ұйымдасқан түрде атсалысты.

24 мамыр күні мектебімізде «**Бастауышпен қоштасу**» мерекелік іс шарасы өтті.

25 мамыр «**Соңғы қоңырау**» мерекесі өтті, мектеп түлектері жиналды «**Мектепке тағзым**» акциясы аясында мектепке сыйлық ретінде сағат, принтер табыстады.

### **2022-2023 оқу жылы**

#### **5.Еңбек, экономикалық және экологиялық бағыт**

Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту аясында

«Қызықты өсімдіктер әлеміне саяхат» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрме: Оқушылар қол өнері картон, ағаш, қағаз, сазбалшықтан түрлі жұмыстар жасап, қорытындысында жұмыстары үздік деп танылған оқушылар марапатталды.

Сынып жетекшілер «Жер қамқорлықты бізден күтеді» сынып сағаттарын өтті. Мектепте «Жасыл ел» мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Үй жағдайында гүлдердің күтімі жөнінде айтылды.

«Еңбекті жан тәнімен сүймейінше, ешбір талант та, ешбір кемеңгер де шықпайды» пікір сайыс өткізілді. Мектептің айналасындағы көгалдандыру жұмыстарын кеңейту, гүлзарлар жасау және оларды күтіп баптау жұмыстары жүргізілді. Сенбі күндері «Сенбілік» өткізілді.

2022 жылдың 22 қазан күні «Берекелі алтын күз» мерекелік кеші өтті. Іс-шара мақсаты: күз мезгілінің ерекшелігін ескере отырып, өскелең ұрпақтың

эстетикалық талғамын қалыптастырып, әсемдікке, сұлулыққа баулу. Сайыс мына төменде көрсетілгендей шарттар бойынша ұйымдастырылды:

1. Өзін-өзі таныстыру.
2. Дарындылық шоуы. (Ән, би, көркем сөз оқу т.с.с.)
3. Үй тапсырмасы. Қосымша қойылған сұрақтарға белсенді түрде, тапқырлықпен жауап берді.

Сайыс соңында қазылар алқасы өнер көрсеткен қатысушы жұптарға өз бағаларын беріп, жеңімпаздарға жүлделі орындар мен түрлі номинация бойынша мақтау қағаздарын табыс етті.

Күзгі балл мерекесі ұстаздар мен оқушыларға жақсы көңіл күй сыйлады.

«Табиғат әлемі балалар көзімен» көрме байқауы өткізілді.

Экологиялық жағдай және оның адам денсаулығына әсері туралы хабардар ету, экологиялық сана негізінде құрылатын қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру, оқушыларының қоршаған ортаны экологиялық-эстетикалық қабылдауын дамыту, адам мен табиғат арасындағы байланыс, табиғатқа жауапкершілікпен қарау, қоршаған ортаны сақтау қажеттілігін түсіну мақсатында сынып сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар санитарлық-эпидемиялық талаптарды сақтай отырып тазалық күні өткізілді.

Экологиялық жағдай және оның адам денсаулығына әсері туралы хабардар ету, экологиялық сана негізінде құрылатын қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру, оқушыларының қоршаған ортаны экологиялық-эстетикалық қабылдауын дамыту, адам мен табиғат арасындағы байланыс, табиғатқа жауапкершілікпен қарау, қоршаған ортаны сақтау қажеттілігін түсіну мақсатында сынып сағаттары өткізілді.

## **2022-2023 оқу жылы**

### **6. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие**

1 қыркүйек – Білім күні мерекесіне орай жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиын өтті. Жаңа оқу жылына қадам басқан бүлдіршіндеріміз «Кел, балалар, оқылық!», «Біз Отанның бөбегі» әндерін орындап, мерекелік көңіл күй сыйлады.

«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында 1-9-сыныптар бірыңғай сынып сағаты өткізді.

Мектеп Парламенті Президентін және "Жас ұлан" ұйымының Ұланбасын сайлауы өткізілді. Сайлауға үміткер ретінде мектебіміздің 8,9-сынып оқушылары қатысып, өздерінің сайлау алды бағдарламаларын ұсынды.

Мақсаты: Жастарды үздіксіз дамуға, қоғамдық өмірге бейімдеу және жүйелі шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру арқылы ой жиегін кеңейтіп, жауапкершілікке дағдыландыру. Жастардың отансүйгіштік қасиетін дамыту.

2022 жылдың 05 қазан күні өзін-өзі басқару ұйымы мектеп Парламенті Президентін ұлықтау рәсімі өткізілді. 2022 жылдың 23 қыркүйек күні өткізілген мектеп Парламенті Президентінің сайлауында 26 сайлаушы дауыс беріп 22.8% дауыс жинаған 9-сынып оқушысы Орынбай Қаламқас мектеп Президенті лауазымына сайланды. Сонымен қатар сайлауға түскен үміткерлер мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының фракция көшбасшылары болып тағайындалды.

9- 15 желтоқсан күндері аралығында «16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай іс-шара өткізілді. Мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу. «Менің Отаным - менің отбасым» тақырыбында 5-9-сыныптар арасында шығарма жазу байқауы, «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тақырыбында спорттық жарыстар, «Тәуелсіздік –тірегім» тақырыбында челлендж, 5-9-сыныптар арасында «Тәуелсіздік, биік болсын тұғырың!» тақырыбында патриоттық ән байқауы, «Тәуелсіздік бастауы – желтоқсан» тақырыбында көркемсурет байқауы, сонымен қатар «Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз» тақырыбында кітап көрмелері ұйымдастырылды.

«Жаңа жыл қызыққа толы» мерекелік кеші қызықты өтті. Бастауыш, аралық, жоғары сыныптарға кесте құрылып арнайы іс-шара жасалынды. Қатысушы қонақтармен жас бүлдіршіндер шапалақ ұрып қарсы алды. Шырша шамы жанып ортада, әр сынып өздерінің өнерлерін көрсетіп, кейіпкерлермен билеп суретке түсті.

### **2022-2023 оқу жылы**

#### **7. Зияткерлік, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.**

Әрбір оқушының зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру мақсатында бір қатар жұмыстар жүргізілді.

25 қазан Республика күніне орай оқушылар арасында «Мен өз елімнің азаматымын» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел дебат үйірмесінің ұйымдастыруымен жүргізілді. Дөңгелек үстел мақсаты: оқушылардың жеке идеологиялық ойларын, өзіндік пікірлерін, ұсыныстарын айта білу және қалыптастыру. Іс-шара барысында 8,9-сынып оқушылары өздерінің құнды ойларымен бөлісті. «Ел болам десен, бесіңді түзе», «Отан отбасынан басталады», «Болашақ - жастардың қолында» деген ойлармен дөңгелек үстелді қорытындылады.

Мектеп тәлімгері оқушылармен «Қақтығыстардың алдын алу, болдырмау немесе оны шешу жолдары» қашықтықтан әңгіме өткізді. Педагог-психолог оқушыларға «Менің бәсекелестік қабілетім» атты тренинг өткізді.

### **2022-2023 оқу жылы**

#### **8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау, білу үшін кеңістік құру аясында мектепте түрлі іс-шаралар жүргізілді.

Физикалық жаттығулар дене тәрбиесінің негізі болып табылады. Таңертеңгі жаттығу денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға, жұмыс қабілетін арттыруға жақсы әсер етеді, сондықтан күніге таңертеңгілік бой жазу жаттығулары өткізіледі.

«Денсаулық фестивалі», «Денсаулық сандарына жет!» ұранымен «Денсаулық күні» тақырыбында спорттық сайыстар өткізілді.

25 қыркүйек күні дене тәрбиесі пән әдістемелік бірлестігі оқушылар арасында спорттық жарыстар өткізді. Спорттық сайысқа 8-9-сынып оқушылары қатысып, белсенділік танытты.

Жарыстың мақсаты: жастарды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттау, физикалық және шыдамдылықты қалыптастыру.

Ата-аналар мен оқушылар арасында жүйелі ақпараттық-түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Мектебіміздің медбикесі мен педагог-психологты ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, арнайы дайындалған бейнеролик ата-аналар мен оқушыларға көрсетілді.

«Ұрпақ саулығы - ұлт саулығы» тақырыбында 5-9-сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттар өткізілді.

Электронды темекінің, нашақорлықтың, маскүнемдік пен темекі тартудың зияны туралы оқушыларға жиналыс өткізілді.

Салауатты өмір-салтын насихаттау және оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында күзгі демалыс кезінде 8-9-сынып оқушылары арасында кіші футболдан мектепшілік жарыс өтті. Жарыста жеңімпаз және жүлдегер командалар мақтау қағазбен және ауыспалы кубокпен марапатталды.

### **2021-2022 оқу жылы**

#### **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау, білу үшін кеңістік құру аясында мектепте түрлі іс-шаралар жүргізілді.

Физикалық жаттығулар дене тәрбиесінің негізі болып табылады. Таңертеңгі жаттығу денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға, жұмыс қабілетін арттыруға жақсы әсер етеді, сондықтан күніге таңертеңгілік бой жазу жаттығулары өткізіледі.

Қазақстан Салауатты бағыты бойынша оқушылардың ептілігін, шапшандық қабілеттерін дамыту мақсатында дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен 5-6-сыныптар арасында «Көңілді сөре» эстафеталық жарыс өткізілді.

«Өзін-өзі басқару» ұйымы мүшелерінің қатысуымен оқушылар арасындағы нашақорлық пен темекі тартудың алдын алу және оған қарсы амалдарын қарастыру мақсатында дөңгелек үстел өткізілді. “Вейп - денсаулыққа өте қауіпті!” тақырыбында жасөспірімдер арасында зиянды заттардың /темекі, электронды темекі/ қауіптілігі жайында ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету мақсатында ата-аналарға жасөспірімдер арасында электронды темекінің бала ағзасы мен өміріне қауіпті екендігін көрсету мақсатында видеоролик көрсетіліп, жадынамалар таратылды.

#### **Үйірме жұмыстары 2021-2022 оқу жылы**

Оқушылардың рухани-адамгершілік, еңбек және дене, көркемдік, эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жалпы сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (қорытындыларымен қоса есептелген кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі). Спорттық, шығармашылық және мәдени байқауларға, конкурстарға, фестивальдар мен шоуларға қатысу.

Мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің маңызды буыны қосымша білім беру жүйесі болып табылады. Мектептің біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыру, білім сапасын арттыру және әртүрлі дамып келе жатқан ортада мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру процесін жүзеге асыру мақсатында

негізгі білім берудің қосымша құрамдас бөлігі болып табылатын сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады.

#### 2021-2022 жылдағы жалпы үйірмелер

№	Үйірме жетекшісі	Үйірме атауы
1	Т.К Сембеков	Шахмат (ақылы) – 0,5
2	Т.К Сембеков	Жас саяхатшы
3	С.К Темирбаева	Гүлістан
4	Е.Р.Закенов	Қылқалам
5	Е.Р.Закенов	Шебер қолдар (ұлдар)
6	Қ.О.Бапышев	Футбол
7	Қ.О.Бапышев	Баскетбол
8	Т.Б.Бейбіт	Шахмат
9	Қ.О.Бапышев	Волейбол
10	А.О.Шомакова	Тоғызқұмалақ

#### Үйірме жұмыстары 2022-2023 оқу жылы

Оқушылардың рухани-адамгершілік, еңбек және дене, көркемдік, эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жалпы сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (қорытындыларымен қоса есептелген кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі). Спорттық, шығармашылық және мәдени байқауларға, конкурстарға, фестивальдер мен шоуларға қатысу.

Мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің маңызды буыны қосымша білім беру жүйесі болып табылады. Мектептің біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыру, білім сапасын арттыру және әртүрлі дамып келе жатқан ортада мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру процесін жүзеге асыру мақсатында негізгі білім берудің қосымша құрамдас бөлігі болып табылатын сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады.

**Тұлғаны дамытудың келесі бағыттары бойынша сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады:**

**Сәндік-қолданбалы өнер бағыты:** қолөнер, қылқалам, шебер қолдар.

**Дене шынықтыру:** волейбол, баскетбол, шахмат, асық ойыны, футбол т.б.

#### 2022-2023 жылдағы жалпы үйірмелер

№	Үйірме жетекшісі	Үйірме атауы
1	Т.К Сембеков	Шахмат(ақылы)-0,5
2	Т.К Сембеков	Жас саяхатшы
3	С.К Темирбаева	Гүлістан
4	Е.Р.Закенов	Қылқалам
5	Е.Р.Закенов	Шебер қолдар
6	Қ.О.Бапышев	Футбол
7	Қ.О.Бапышев	Баскетбол
8	Т.Б.Бейбіт	Шахмат
9	Қ.О.Бапышев	Волейбол
10	А.О.Шомакова	Тоғызқұмалақ
11	Ә.Е.Ерқалы	Домбыра

Қазіргі таңдағы алға қойып отырған басты да түпкілікті мақсаты оқушылардың білім, білік, іскерлік дағдыларын дамытумен қатар, олардың бойындағы азаматтық, өміртанымдық, интернационалдық қасиеттерін де кеңейте түсу. Эстетикалық көркемдік тәрбиенің қайнар бұлағы музыка пәні мен оның сыныптан тыс үйірмелері бұл аталған талаптарды орындауда ерекше роль атқарады.

### **«Жас саяхатшы» үйірмесі**

Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан географиясын оқыту ерекше маңызды. Өйткені кез-келген мемлекеттің азаматы өз елінің, мемлекеттің, сол мемлекетті мекендеп отырған халықтардың тарихын білуге құштар. Тоталитарлық тәртіп кезіндегі моноидеологияның күйреуі және дүниетанымдық көзқарастағы өзгерістер тарихи түсініктерге жаңа бағыттар алып келуде. Төл тарихымыз қайта жазылып, қасиетті Қазақ елінің тарихы өз халқының талабына сай қызмет ете бастады. Еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар, жаңа үрдістер адамзат баласы ғасырлар бойы жинақтаған құндылықтары мен игіліктерін қайта зерделеп, жаңаша көзқарастар мен тұжырымдарды қалыптастыруда.

**«Шебер қолдар» үйірмесі** Бұл бағдарлама оқушыларды еңбекке, түрлі өнер бұйымдарын жасауға, ой-өрісін, шеберлігі мен дағдысын арттыруда қазақ халқының өнерін санасына сіңіре отырып, бар затты ұқсата білуге, сол заттың қадір-қасиетін білуге, күнделікті өмірде қолдана білуге көмектеседі. «Шебер қолдар» үйірмесі сабағынның негізгі бағыты үйрету, оқыту, игерту болып табылады.

Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдар жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді.

Қолөнер үйірмесінде халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең қолөнерін жасап үйренеді.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

### **Бағдарламаның міндеті:**

-Оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу.

-Шәкірттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету.

-Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру

-Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу.

Біздің басты міндетіміз жаңа заман ғылымының мол жетістіктерімен қаруланған, мәдени дүниетанымы, көзқарасы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті маман жастарды тәрбиелеу, сондықтан сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу, үйрету аса қажет.

Қолөнер үйірмесі өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейрімділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлік екендігі адамның адамгершілік дүние танымын қалыптастырып үйрету.

## **«Гүлстан» үйірмесі**

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің әлеуметтік, қоғамдық, саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты мақсаты мен міндеттері, мазмұны өзгереді. Оқушылардың білім алу барысында іздену-зерттеу және өз бетімен білім алу жүйесін, алған білімін өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білуі арқылы танылады.

«Гүлстан» үйірмесінің бағдарламалық жоспары орта буынның сынып оқушыларына 5-9-сыныптарда өтілген материалдарды қайталап ғана қоймай, терең танымдық білім меңгертуге бағытталған, теориялық білімдерін практикалық жұмыспен ұштастыру көзделген. Оқушылар берілген жұмыстарды орындай отырып сабақтан бөлек қызықты деректер жинау, іздестіру, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Олимпиадалық сайыстарға дайындауда қолдануға ыңғайлы, жаратылыстану пәндеріне оқушылардың қызығушылығын арттырып мамандық таңдауға да септігін тигізері мол.

«Гүлстан» үйірмесінің бағдарламалық жоспары оқушылар танымдық іс-әрекеті мен ой өрісін арттырып, сарамандық, ғылыми-ізденіс жұмыстарына толық қатысып, берілген тапсырмаларды уақытылы орындауға дағдыланады.

Шығармашылықпен жұмыс жасайды; әдеби-танымдық оқулықтар, интернет көздерімен, газет-журналдармен үнемі байланыста жүруге үйренеді.

Туған өлкенің табиғат жағдайын жақсартуға арналған жобалар дайындап, қорғайды. Өсімдіктер және жануарлар дүниесі жайлы терең, жүйелі де тиянақты интеллектуалды білім алады.

Биология-экология тақырыптарына өздері шығарған өлең, шығарма жұмыстарын тапсырады.

**Бағдарлама мақсаты:** Оқушыларды тірі табиғат әлемінің алуан түрлілігімен, тірі ағзалардың тіршілік ету ерекшеліктерімен жете таныстыру. Биологиялық терминдердің мәнін ашу. Өсімдіктер және жануарлар дүниесі жайлы терең, жүйелі де тиянақты интеллектуалдық білім беру.

**Оқушыға қойылатын талаптар:** Жұмыс дәптерлерінің болуы, танымдық іс-әрекеті мен ой өрісін арттырып, сарамандық, ғылыми-ізденіс жұмыстарына толық қатысып, берілген тапсырмаларды уақытылы орындау; Шығармашылықпен жұмыс жасау; әдеби-танымдық оқулықтар, интернет көздерімен, газет-журналдармен үнемі байланыста жүру. Бағдарлама соңында тапсыратын жұмыстар: Туған өлкенің табиғат жағдайын жақсартуға арналған жобалар қорғау.

«Волейбол», «Баскетбол», «Футбол», «Шахмат», «Үстел теннисі» үйірмесі мектепте оқушыларды дене мәдениетіне тәрбиелеуде дене шынықтыру сабақтарымен қатар қосымша үйірмелер, спорт секцияларын жүргізуге ерекше мән берілуде. Сыныптан тыс жұмыстар төмендегідей түрлерге бөлінеді: спорт түрлерінен өткізілетін секциялар, көпшілік дене шынықтыру шаралары, спорт түрлерінен өткізілетін жарыстар, дене шынықтыру спорт мерекелері.

Үйірмеде тұлғаны қалыптастыру, оқушының танымдық белсенділігінің дамуына бағытталған. Мазмұны оқушы, қоғам мен жанұя сұраныстарын ескере, қазіргі педагогикалық ғылым жетістіктерін айқындайды.

**Оқыту мақсаты:** салауатты өмір салтын ұйымдастыруда ұлттық ойындарды шығармашылық жолмен қолдану.

**Оқыту міндеттері:**

- денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық (дене) қасиеттерін дамыту;
- дамыту және сауықтыру бағытындағы дене жаттығулары, ұлттық ойындар түрлерінің іс-қимыл әдістері мен техникасы арқылы қимылдық тәжірибені байыту, қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру;
- ұлттық ойындар туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы және салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлі туралы білімдерді игеру;
- өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қарау, денсаулықты сақтау мен нығайту қажеттілігін қалыптастырып тәрбиелеу;
- тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде

### **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" және "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курстарының іске асырылуын зерделеу;**

Жүргізілуі міндетті курстар: 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады

5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-8-сыныптарда 10 сағат көлемінде тәрбие сағаттарына кіріктіріліп оқытылады. Жазғы демалыс уақытында қауіпсіздік ережелерімен таныстыру жөнінде, 1-9- сыныптардың ата-аналарымен жиналыстар өтті.

### **2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының басым бағыттары:**

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»**—ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Қаражар ЖОББМ-ң 2023-2024 оқу жылына тәрбие жоспары қыркүйек айында қаралып, бекітілді. Жоспарға сай әр ай сайын мектепшілік іс-шаралар жоспары шығарылып отырылды. Сол жоспар бойынша жауаптылар оқушылармен іс-шараларын өткізді. Әр іс-шара инстаграм, фейзбук парақшаларына жарияланды. Салтанатты жиын жоспар бойынша өтті. Сілтеме:

<https://www.instagram.com/p/CwqAUKitxou/?igsh=bzJqc2MyZDI0NG5j>

**1 қыркүйек күні облыстық «Менің туым» жобасы аясында** мемлекеттік туды көтеру рәсімі жасалынады. **«Мектепке жол» акциясы** аясында жалпы оқу қорынан, демеушілік танытып, кеңсе тауарлары алынды. Кеңсе тауарлары аз



қамтылған және көп балалы отбасыларға таратылды. Республикалық «Мектепке жол» акциясы барысында мектеп ұжымы демеушілік көрсеткен 2(екі) балаға төмендегі кесте бойынша ата-анасының өтініші бойынша көмек көрсетілді.

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	жынысы	Әлеуметтік жағдайы	Қажетті мектеп киімдері мен құралдары
1	Серікпай Інжу	4	әйел	көп балалы	кеңсе заттары
2	Серік Әділ	3	ұл	көп балалы	кеңсе заттары

Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебінде «Мектепке жол» стенд құрылды. Сонымен қатар, көп балалы отбасы, аз қамтылған, толық емес, қамқоршылықта тәрбиеленетін оқушыларға бір реттік көмек ретінде 47300 (қырық жеті мың үш жүз теңге берілді. Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің атынан Юрий Айсултанға «Мектепке жол» акция барысында кеңсе заттарымен қамтылды. Тәрбие жоспары бойынша мектептің психолог маманы Шомакова А.К. бейімделу кезеңінің сүйімделеу аясында 1,5,9-сынып ата-аналарымен тренингтер өткізді «Сіздің баламен қарым-қатынасыңыз». «Мектеп табалдырығын аттаған балаға ата -ана көмегі» 1-сынып ата-аналарына психологиялық кеңестер берілді.

Бірінші сынып оқушыларының оқу қызметіне дайындығын анықтау бойынша тренингтер және диагностика жүргізілді «Керн-Йерасек» тест. 5-сынып-«Кондаш» әдістемесі. Оқушылардың сыныптағы көңіл күйді анықтау мақсатынды 7- сынып оқушылармен «Менің көңіл күйім қандай?» смайлик бойынша анықтау, және түрлі психологиялық тренингтер «Джунглидегі жаңбыр» сергіту мақсатында түрлі жаттығу ойындары жүргізілді. 1- сынып оқушылармен есте сақтау, ойлау қабілетін арттыру мақсатын жұмыстар жүргізілді.

Әдістеме Н.Г.Лусканова социометрия әдістемесі бойынша сауалнама алынды. Ұстаздар мен ата-аналарға ұсыныстар мен кеңестер берілді. Кейбір оқушылармен сабақ барысында оқытудың әдісін қолдана отырып белсенділігін арттыру. Бастауыш сыныптармен «Сиқырлы жұмыртқа» карточкаларымен жұмыстар жүргізілді. 5-9-сынып оқушылармен темперамент типін анықтау мақсатында тест жүргізілді. Бастауыш буыннан жоғары буынға қалыптасуына байланысты 5-сынып оқушылары «Менің сыныбым», «Дос болайық» атты тренингтер, сауалнамалар жүргізілді. Қорытынды бойынша қалыптастыру деңгейі жоғары. Жоғары сыныппен оқушыларымен «Өмір қандай тамаша?» атты сурет бойынша өз ойларын көрсетті суицидті алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді. Білім беру бөлімінің хатына сәйкес 5-6- сынып оқушыларымен «Интернеттегі алаяқтық», «Кибербуллинг» ұйымдастырылды.

**Сілтеме:** <https://www.instagram.com/p/Czx5DyKtjSl/?igsh=MW1hdjRseGk5bzliZA==>  
Жастар арасында вейп шегетіндердің саны күн сайын артып келеді осыған байланысты 8-9- сынып оқушылармен «Вейп деген не?» денсаулыққа зиян екенің дәріс, слайд көрсетілді. Мектепшілік отбасы күні бойынша жоспар жасалынды. Жоспарға сай "Менің отбасым - бақыт мекені" атты сынып сағаттары өткізілді, «Менің отбасым» суреттер сайысы, бастауыш сыныптарда "Толағай" спорттық эстафеталық ойын, «Мен және отбасым» фотоколлаж байқауы өтті.

«Family day» отбасымен бір күн, «Отбасындағы басты құндылықтар» Дөңгелек үстел, «Менің отбасым- шағын Отаным» суреттер байқауы

**Ұстаздар күні бойынша жоспар** жасалды. Жоспар бойынша оқушылар өзін-өзі басқару күнін өткізді. Дублер күні де жоспар бойынша өткізілді. Бұл күнге 9-сынып оқушылары жауапты болды. Дублер күнінде мұғалімдермен оқушылар ауысып, оқушылар сабақ береді. [https://www.instagram.com/reel/CyXIL\\_-tY2-/?igsh=d3JzbXN3N21oaGl6](https://www.instagram.com/reel/CyXIL_-tY2-/?igsh=d3JzbXN3N21oaGl6) ұстаздарын құттықтау барысында, зейнетке шыққан ұстаздарға арнап бейнероликтер жасады, «Ұстаз ол ...» челлендж, «Ұстазынды құттықта» акциясы, «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» сынып сағаты, мектеп түлектері ұстаздарына бейнероликтерін ұсынды және концерттік бағдарламамен аяқтады. Қазан айының бесі күні Ұстаздар мерекесі болып бекітілді. Мектебімізде мерекелік концерт ұйымдастырылды.

**Қарттар күніне орай** «Менің сүйікті атам мен әжем» фотосурет көрмесі, «Қарттарды аялайық» сынып сағаты, қарттар күнімен оқушылар бейне баяндарымен құттықтады. Мектеп оқушылары ауылымыздың қарттарына барды, көмектерін көрсетті, құттықтау сөздерін айтты, әнмен шашу жасады. Мектепте 8 қазан күні 1-9-сынып оқушылар арасында «Алтын күз» мерекесі аталып өтті. Барлық оқушылардың өнері, қолөнерлері инстаграм парақшасына жүктелді.

**Облыстық Экобоот жобасы** аясында «Болашақ» акциясы негізінде «Күз тартуы» жобасына қатысты, 1-сынып оқушылары ата-анасымен мектеп ауласының маңына ағаштар отырғызды. «Энергия және су болашақ үшін» акциясы ұйымдастырылды. «Қолданылған батареялар мен ПВХ өнімдерін жою» акциясы 1-9-сынып оқушылар арасында бастау алды.

**«Жақсылық жаса»** пластикалық қалпақшаларды жинау акциясы аталып өтті. Барлық оқушылардың жинаған қалпақшалар саны-әр сынып бір-екі 5 литрлық платстиктан жасалған бутылкаларды толтырды 5л пластикалық бөтелкеге қалпақшаларды салып, сыртына мектептің аты жазылып ауданға тапсырылды. Сонымен қатар мектеп оқушылары сәуір айы туғанда "Таза аула" акциясына, оқушылар ауылдың ішінде өткен сенбілікке ата-аналарымен қатысады.

**«Салауатты өмір салтын сақтау» жоспары бойынша өткен іс-шаралар.** «Салауатты өмір салтын сақтау» жоспары бойынша өткен іс-шаралар. Жоспарға қосымша Баянауыл аудандық бақылау басқармасының нұсқауы бойынша қыркүйек айында жұкпалы ауру « құтырма» ауруының алдын алу мақсатында 5-9-сынып аралығында жатжазу жазғызылды, мақсаты оқушылар аурудан қорғануды, үй жануарларының екпе алуының маңызды екенін білді. «Жүрек ауруымен күрес» күніне орай салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының нұсқауымен «Нұрай» шағын орталығының тәрбиенушілерімен жаттығулар жасалып және флешмоб билеп қимыл-қозғалыс адам ағзасына жүрекке пайдалы екені түсіндірілді. «Тұмау, жедел респираторлық ауруының алдын алу мақсатында оқушыларға видеоролик көрсетіліп ауруға анықтама беріліп сақтану

жолы түсіндіріліп, жатжазу жазғызылды, мақсаты аурудың белгілерін анықтауын, жұқпалы ауру жеке бастың тазалығын сақтамаудан жұғуын түсіндіру. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жасөспірім қыздарға баяндама оқылып, слайд көрсетіліп, сұраққа жауап беріліп, психолог сауалнама алды, мақсаты жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу, ерте жүктіліктің денсаулыққа зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл – кеңес беру. «Педикулез» ауруының алдын алу мақсатында 1-9-сынып аралығында бұл қансорғыш жәндік-биттер паразитарлық ауруына анықтама беріліп, таралу жолы, сақтану жолы түсіндіріліп видеороликтер көрсетілді. Туберкулез ауруымен күрес айлығының барысында ұстаздарға, кіші қызметкерлерге, ата-аналарға «Туберкулез және COVID-19 жайлы не білеміз», Туберкулез қандай ауру, Туберкулезден сақтану жолдары деген тақырыпта баяндама оқылып, сауалнама алынып, Туберкулезден сақтану, екпенің маңызы жайлы жаднамалар таратылды. Қоғамды кері кетіретін әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында, өркениетті елдің азаматының денсаулығы мықты болу үшін зиянды әдеттерден—нашақор, ішімдік, темекі, насыбай денсаулыққа болашақ ұрпаққа жау екендігін түсіндіре отырып спортпен белсене шұғылдануға ықпал ету мақсатында 6-9-сынып аралығында баяндама оқылып, видеороликтер көрсетіліп, сұрақтарға жауап берілді.

Мектеп директорының бұйрығымен мектебімізде 09 қыркүйек 2023 жылы сағат 10.00-де денсаулық фестивалі салтанатты түрде ашылды. Денсаулық фестивалі 1-9-сынып оқушылар арасында ұйымдастырылды. Оқушылар қызығушылық танытып, белсенді қатысты. Жалпы 45 оқушы қатысты, әр түрлі ойындар өткізілді. 5-9-сынып арасында жүгіріс өткізілді. Ұлдар 3000м, қыздар 2000м. Өткізілген денсаулық фестивалі «Дені саудың -жаны сау» акциясы. «Дені саудың -жаны сау» деген ұранымен, акциясы 09.09.2023 жыл күні бұйрыққа сайкес өтті. Сағат 10.00-де барлық оқушылар сапқа тұрып, әнұран орындап, фестиваль салтанатты түрде ашылды. Мектеп директоры А.Шомаковаға сөз берілді. Табиғатта жүгіру жарысы өтті. Жүгіру, футбол, тартыс ойындары ұйымдастырылды. Жалпы қатысқан оқушылар саны 45, мұғалімдер саны 15. Оқушылар қызығушылықпен белсенділік танытты.

### **«9 айға 9 іс- шарасы» аясында «Асығың алшысынан түссін»**

«Асық ату» «Асығың алшысынан түссін» республикалық іс-шарасына «Бес асық» ойынына жалпы толық мектеп оқушылары белсенді қатысты.

«Бес асық» ойыны «9 айға 9 іс-шара» аясында «Сергіту сәті» республикалық іс-шарасы 8.09.2023ж сағат 12.00 де өтті.

**Сілтеме:** <https://www.instagram.com/reel/CzvYntEtZv0/?igsh=b3psZWo4anZnMTdx>

Соңымен қатар 4-9 сынып оқушылар арасында «Арқан тарту» және «Бес асық» ойындары 15.09 күні өтті. Сағат 17.05-де барлық оқушылар сапқа тұрып, екі топқа бөлінді. Спорт залда ең бірінші жалпы дамыту жаттығулары орындалды.

Қозғалыс ойындары ұйымдастырылды. Жалпы қатысқан оқушылар саны-9.

Оқушылар қызығушылықпен белсенділік танытып, грамотамен мен «Гемотоген»

дәрумендерімен марапатталды. «2-б-сынып оқушылар арасында «Көңілді мәре» қозғалыс ойындары **22.11 күні өтті.** Сағат 15.00-де барлық оқушылар сапқа тұрып, екі топқа бөлінді. Спорт залда ең бірінші жалпы дамыту жаттығулары орындалды. Қозғалыс ойындары ұйымдастырылды. Жалпы қатысқан оқушылар саны - 15. Оқушылар қызығушылықпен белсенділік танытты.

**Үйірме жұмыстары 2022-2023 оқу жылы Мектебімізде үйірме, спорттық секция жұмысы.** Мектебіміз бойынша жалпы 1 ақылы спорт секциясы ұйымдастырылған. "Шахмат» үйірмесі, сонымен қатар қосымша спорт секциялары жұмыс жасайды . Олар волейбол (ұлдар, қыздар), асық, үстел теннис, шаңғы, баскетбол. Мектепте ақысыз үйірмелер де жұмыс жасайды. Олар «Гүлістан», «Домбыра» , «Дебат», «Аққу» қыздар клубы, «Мирас» ұлдар клубы, «Қылқалам», «Шебер қолдар», «Тоғызқұмалақ» , «Жас саяхатшы» үйірмелері. Аталған үйірмелердің жоспары бекітілген, мақсат, міндеттері бар, оқушылардың тізімі құрылған. Қыркүйек айында үйірме, спорт секциясының кестесі құрылып бекітілді. Барлық іс-шаралар уақытылы, сапалы түрде өтеді. Үйірме жетекшілері айлық, жартыжылдық, жылдық есептерін жазып отырады. Каникул уақытында жоспар бойынша үйірмелер жұмыс жасайды. Оқушылардың бос уақыты қамтамасыз етілген.Тұлғаны дамытудың келесі бағыттары бойынша сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады:

**Сәндік-қолданбалы өнер бағыты:** қолөнер, қылқалам, шебер қолдар.

**Дене шынықтыру:** волейбол, баскетбол, шахмат, асық ойыны, футбол т.б.

2023-2024 жылдағы жалпы үйірмелер

№	Үйірме жетекшісі	Үйірме атауы
1	Т.К Сембеков	Шахмат(ақылы)-0,5
2	Т.К Сембеков	Жас саяхатшы
3	С.К Темирбаева	Гүлістан
4	Е.Р.Закенов	Қылқалам
5	Е.Р.Закенов	Шебер қолдар
6	Қ.О.Бапышев	Футбол
7	Қ.О.Бапышев	Баскетбол
8	Т.Б.Бейбіт	Шахмат
9	Қ.О.Бапышев	Волейбол
10	А.О.Шомакова	Тоғызқұмалақ
11	Ә.Е.Ерқалы	Домбыра
12	А.И.Мурсалова	Дебат

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы »  
бағдарламасы аясында**

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:**

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

**Орталық қызметінің принциптері:**

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға

арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4-сынып; 5–9-сынып; оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін. Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген. Мектеп бойынша ата-аналар жиналысы өтті. Өз баламды көзінен танымын атты тренинг ұйымдастырылды.

Қатысқан ата-аналар саны: 18

**Сілтеме:** <https://www.instagram.com/p/Cz7j247NpoC/?igsh=Z3RnNjJsczVnMWc=>

**Ата -аналар назарына** "Абайла, ашық терезе" Видеороликтер ұсынылды, оқуға құштар мектеп жобасы аясында күзгі демалыста кітап оқу "Әлем әдебиетін бірге оқимыз" атты іс -шара өткізілді, «Вейп» темекінің зардабы, ата-аналарға дәріс оқылды.

## **Кітапханадағы тәрбие жұмысы**

Кітапханада өткізілген жұмыстар, бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Кітапхананың пайдалану ережесін жаңартып, оқырман формулярларын жаңадан жасадым. Оқу жылының басында сынып жетекшілерімен бірге отырып оқушылар оқулықтарымен қамтамасыз етілді. 1-9- сынып оқушылары оқулықтарымен толық қамтылды. 3-сынып оқушыларына кейбір оқулықтар жетіспегендіктен, З.Ақышев мектебінен алынып толықтырылды. Бүгінгі күнде оқушылар оқулықтармен толық қамтылды деп айтуға болады. Мектеп оқушылары кітап қорымен танысып, кітапхананың пайдалану ережесімен танысты. Қазіргі кезеңде мәдениет саласы адамдардың өскелең талабын қанағаттандыруға, рухани байлығын, жалпы қабілетін дамытуға, жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыруға тиісті болса, бұл міндеттерді іске асыруда кітапханалардың алатын орны ерекше. Қазақстанда кітапхана ісінің дамуы еліміздегі мәдени құрылыстың жарқын беттері болып табылады. Мәселен, біздің Қаражар жалпы негізгі білім беру мектеп кітапханасында **4343** кітап қоры жиналған. Аудандық білім бөлімінен бөлінген жаңа оқулықтар саны **332**. Оқырманымыз 100. Уақыт талабына байланысты кітапхана ісіне, қоғамдық кітап пен ақпарат хабарларға

деген өскелең талаптарға сай кітапхана өз жұмысын атқаруда. Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиеттің, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуде тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Мектеп кітапханасы кішкентай болғанымен, атқарар қызыметі үлкен. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Бұл орын оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен шұғылдандуына көп ықпалын тигізеді. Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады. Өткізіліп жатқан іс-шаралар, кітап көрмелері баршылаық, ал біздің мақсатымыз-оларды тек бір атқарылды деген белгі үшін емес, жалпы оқырмандар сусындайтындай, ой-пікір туғызатындай етіп өткізу. Мысалы: қыркүйек айында өткен «Тіл апталығына» байланысты кітапханада оқушыларға «Қазақстан Республикасының Тіл Туралы Заңы» және «Тәуелсіздік-мемлекеттік тіл тірегі» атты баяндамалар оқылып, оқушыларға сұрақтар қойылып, жауап берілді. Мектепте үнемі үлкен үзілістерде оқушылармен әр түрлі тақырыптарда мақал-мәтелдер жарысы және де жұмбақтар сайысы өтіп тұрады. «Үнемі оқитын адам-табысты адам» сайысы өткізілді. Сайыс барысында кітап туралы ережелермен таныстырылды, «Ия-жоқ» ойыны өтті. Оқушылар кітап туралы сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісті. 16 желтоқсан күніне 8-9-сынып оқушыларына кинолента көрсетілді. I - II тоқсан бойынша қазақ тілі, қазақ әдебиеті және бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесе отырып оқушылардың оқу жылдамдықтарын тексерді, нәтиже жаман емес.

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы бойынша «М.Әлімбаевтың 100 жылдық » мерейтойына арнап танымдық сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: М. Әлімбаев туралы білімдерін кеңейту, балаларға арналған шығармалары, олардың жазылу тарихымен таныстыру. М. Әлімбаевтың «балалар ақыны» екенін таныту. Іс-шараға 4-6-сынып аралығында оқушылар қатысты. Соңымен қатар экраннан жазушының өмір жолы, шығармалары туралы деректерді оқушылар тамашалады.

**«Ізгілікке қалам тарқан ... жас ғұмыр»** «Балалар кітапханасы» жобасы ұйымдастырылды. Бастауыш сыныптан кітап оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастырсақ қана кітап оқитын ел бола аламыз. «Кітап оқу адамның дүниетанымын, дүниетанымын кеңейтеді, сыни тұрғыдан ойлауды дамытады, шығарма кейіпкерлерінің бойында бейнеленген мінез-құлық үлгілерін меңгеруге көмектеседі, жалпы алғанда, адамды тәрбиелейді және тәрбиелейді. Ал мұның бәрін балалық шақта төсеу керек. Міне, сол кезде әдебиетке деген сүйіспеншілік адамның бүкіл өмірінде болады». Біз бәріміз әртүрлі себептермен оқимыз: біреулер ой-өрісін кеңейту үшін, басқалары жұмыс үшін ақпарат алу үшін кітап алады, ал кейбіреулері бос уақытын қызықты ету үшін. Бірақ қандай себептер болса да, оқу сауаттылығын дамыту маңызды. Оқушылармен мектепте кездесу ұйымдастырылды. Демалыс кезінде оқыған кітаптарын талқылады.

**Жас Ұлан мен Жас Қыран** жоспары бойынша аға тәлімгер Шомакова А.Ж Жас Ұлан ұйымының мүшелерімен кезекті отырыс өткізді. «Салауатты activity» жобасы аясында Жас Ұландарға арналған спорттық эстафета өтті. Аға тәлімгер Жас Ұлан мүшелеріне «Тәуелсіздік Ұландары» интеллектуалдық ойын, және мектепшілік «Президент сайлауы» өтті. «Біз – Қазақстанның болашағымыз» атты челленджге қатысты,.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті. «Ұшқыр ой аланы» мектебімізде тәрбие жоспарына сәйкес дебат-пікірталас ойына қолға алынып, мектеп ішінде 8-9-сынып оқушылар арасында пікір – талас ойыны ұйымдастырылды. «Қысқы фотошашу» фотосессиясы , Жас Ұландықтарға «Адамгершілік – асыл қасиет» атты тәрбие сағаты өтті.

Мектебіміздің 1- сынып оқушыларына Жас Қыран ұйымының қатарына қабылданды. «Жеті қазына» облыстық жобасының салауат бағыты бойынша Жас қырандарға «Мен салауат жолындамын» спорттық эстафетасы өтті.

Қазан айының бесі күні Ұстаздар мерекесі болып бекітілді. Мектебімізде мерекелік концерт ұйымдастырылды. Дублер күні де жоспар бойынша өткізілді. Бұл күнге 9-сынып оқушылары жауапты болды. Дублер күнінде мұғалімдермен оқушылар ауысып, оқушылар сабақ береді. [https://www.instagram.com/reel/CyXIL\\_-tY2-/?igsh=d3JzbXN3N21oaGl6](https://www.instagram.com/reel/CyXIL_-tY2-/?igsh=d3JzbXN3N21oaGl6)

### ***Адал ұрпақ жоспары бойынша***

Мектебіміздің 8-9 оқушылары және аға тәлімгер: Шомакова А.Ж жыл бойы адал ұрпақ клубы жұмыс жасап, үлкендерге көмек көрсетіп ( үлкен ата-әжелер үйіне барып қар күреп, үй жинап, көмір кіргізгені үшін) Павлодар облысының волонтерлік қозғалысының дамуына белсене қатысып, елеулі үлес қосқаны үшін «Алаш жастары» волонтерлер клубы **алғыс хатпен** марапатталды.

«Парасат сағаты» дәріс, «Адал және сатылмайтын еңбек» көрінісі бойынша суреттер салды, «Мемлекеттік қызметтерді алу» іскерлік ойын өтті. 2,4- сынып оқушыларына «Әдептілік-тәрбие бастауы» сынып сағаты, 5-9-сынып оқушыларына «Әділ адамның адамгершілік қасиеттері заңды жоқтатпайды» атты сынып сағаты өтті.

### ***«Аққу» қыздар клубы жоспары бойынша***

**«Бала құқығы-Адам құқығы» айлығы аясында, құқықбұзушылықтың алдын алу жоспары бойынша** «сенің құқықтарын мен міндеттерін» атты сауланама, «Ата-аналар мен мектептің серіктестігі» ата-аналарға арналған құқықтық сағат, «Бақытты ана-бақытты бала-бақытты отбасы-бақытты ел » ата-аналармен кездесу, «Бақытты балалық шақ» фотоконкурсы, «Балалар не туралы армандайды» бейне конкурс, «Әлем балалар көзімен» суреттер байқауы, «Бала Creative» көрмесі, «Кибербуллинг деген не?» сынып сағаты, «Интернет және Мен» атты тренинг, «Интернеттің пайдасы мен зияны» сауалнама, «Интернеттік алаяқтық» тақырыбында кездесу іс-шаралары өтті.



**Секция, үйірмелер жоспары бойынша күзгі, қысқы, көктемдегі каникул кезінде** «Волейбол» жарысы өтті, «Болашақтың ұшқыр ойлы ұрпағы» тоғызқұмалақ турнирі, «Менің денсаулығым-менің болашағым» спорттық жарыс, «Болашақ Сарбаз» патриоттық ойындары ұйымдастырылып өткізілді. Қысқы демалыс уақытында мектепшілік «Волейбол» жарыс, «Тоғызқұмалақ», «Шахмат» турнирі өтті.

**«Қатыгездік және зорлық зомбылықсыз балалық шақ» айлығы бойынша 1-9-сынып оқушыларына** «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты, «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ақпараттық видеоролик көрсетіліп, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді, ауылымыздың участок инспекторы Ксентаев Н.Б. «Зорлық- зомбылықсыз аумақ» деген тақырыпта дәріс оқыды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша «Бала құқығы асыл қазына» атты дөңгелек үстел өтті. Оқушыларға қоғамда заң талаптарын орындау мақсатында мектеп ережесін сақтау, кәмелетке толмаған арасында көлік жүргізуге болмайтының түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді.

2023 жылғы 18.08.№2-0311-23-00512 хатына сәйкес төмендегідей шаралар жүргізілді: Мектебіміздің мамандары ПБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізеді.

Мақсаты: Түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 21-жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды қадағалау.

**«Лудомания» құмар ойының алдын алу мақсатында 7-9- сынып оқушылармен** дөңгелек үстел отырыс өтті. 5-6-сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп «Біз лудоманияға қарсымыз» акциясына арнап сурет, плакаттар салды.

### ***Мектепте жаңа жыл мерекесі жаңа ғимаратта өтті***

1-4-сынып және 5-9- сыныптар екі кезеңге бөлініп өтті. Әр сыныптар мен мектеп іші мерекеге байланысты безендірілді. Әр сынып өздерінің өнерлерін көрсетті, Аяз ата мен ақшақарға дайындаған өлең, тақпақ шумақтарын, құттықтау тілектерін айтып тәтті сыйлықтарын алды.

Желтоқсан айының ең алғашқы күні - 1 желтоқсан – Спид күніне орай «Зиянды әдеттен аулақ бол!» атты танымдық сағат өтті. Мектебіміздің медбикесі Токенова А.И. оқушыларға СПИД (ЖИТС) ауруы туралы және оның басты белгілері мен профилактикасы жайында бейне ролик көрсетіп, ауызша да түсінік берілді. Оқушылар да өз сауалдарына жауап ала алды. Мектебіміздің дене шынықтыру мұғалімдері әдемі әуенмен барлық оқушыларды дене қимылдарын жасайтын флешмобқа жұмылдырып, бүгінгі күн өте ерекше көңіл-күйде өтті.

Келесі кезектегі іс-шара 5 желтоқсан күні мектебіміздің кітапханасында өтті. Кітапханашы Идрисова Динара «Үнемі оқитын адам – табысты адам» («Балалар кітапханасы» жобасы) атты 1-5-сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізді. Оқушылар үлкен экран арқылы бейне баян көріп, табысты адамдардың естеліктерін тамашалады. Кітаптың адам өміріндегі маңыздылығы туралы мағлұмат алды. Келесі бөлімдер оқушылар қызықты ойындар ойнау арқылы, көптеген тапсырмалар орындап, танымдық сұрақтарға жауап берді. Өте мағыналы іс-шара өтті.

10 желтоқсан – халықаралық құқық күніне плакаттар көрмесі ұйымдастырылды. 5 және 9 -сынып оқушыларына таныстырылды. Оқушыларға арнайы дайындалған сауалнама қойылып, жауаптары тыңдалып, плакаттар мен адам құқығына байланысты кітапшалармен таныстырды. Мақсаты: Оқушыларға құқық туралы түсінік беру. Қатысушылар : 5-9 сынып оқушылары. Жауапты: құқық пән мұғалімі: Ахметова А.М, әлеуметтік педагог: Шомакова А.К.

Желтоқсан айының 12 күні мектебімізде жоғары сынып оқушыларының қатысуымен «Желтоқсан желі ызғарлы» тақырыбында тарихи сабақ өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарды, желтоқсан құрбандарының ерлігін баяндай отырып әр баланың жүрегіне өз еліне, елінің батырларына деген құрмет сезімін тудыру. Отанына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

«9 айға 9 іс-шара» аясында «Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі бойынша оқушылар өз шығармашылықтарын ортаға салып, эссе байқауына қатысты. Мақсаты: Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру, білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру.

Тәуелсіздік қарсаңында Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебінің 3-9-сыныптар аралығында шығарма-хат челленджі өтті. Ұсынылған тақырыптар: «Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістігім», «Менің болашағым», «Еліммен бірге болашаққа апарар жол». Барлық қатысқан оқушылар саны 14. Оқушылар шығарма жазу барысында өз ойларын жазып шықты, болашаққа деген көзқарастарын, болашақта мен кім боламын? менің болашағым қандай болмақ? елімнің дамуына қандай үлес қосар едім деген сияқты сұрақтарға жауап іздеп, ішкі ойларын қағаз бетіне жазып шықты.

Челлендж қорытындысы бойынша 10 оқушы мадақтама грамоталарымен марапатталды. Оның ішінде 9- сынып оқушысы Бақыт Шынар – I орын, 4 сынып оқушысы Жидебаева Айша – I орын, 4 сынып оқушысы Қанат Елдана – I орын, 8 сынып оқушысы Жайлаубай Сәния – II орын, 4 сынып оқушысы Серікбай Інжу – II орын, 5 сынып оқушысы Боранбай Асылжан – II орын, 4 сынып оқушысы Серікбай Іңкәр – III орын, 5 сынып оқушысы Қабиден Мерей – III орын, 6 сынып оқушысы Бақыт Айару – III орын, 7 сынып оқушысы Оразбай Арнагүл – III орынды иеленді. Жалпы «Шығарма жазу: болашаққа хат» атты челленджі өз мақсатына жетті. Жауаптылар: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері А.И.Мурсалова., А.С.Байарысова.

Шараға 5-9- сынып оқушылары қатысып көпшілігі белсенділік таныта білді, осы оқиға туралы білгендерімен бөлісіп желтоқсан құрбандарының есімін мәңгі жадымызда сақтаймыз және аса құрметтейміз деген пікірлер айтты, шара барысында Сабира Мұхамеджанова туралы шағын фильм көріп, солақай саясаттың ісіне наразылығын білдірді. Кейбір оқушылар дайындап келген өлеңдерін мәнерлеп оқып берді. Шара барысында аса белсенділікпен қатысқан оқушылар Ғалым Томирис, Теміршот Айғаным, Бақыт Шынар, Идрисов Арман. Сонымен қатар жас маман Байарысова Әйгерім 4-сынып оқушыларын ортаға шығарып оқушыларға тақырыпқа байланысты дайындап келген оқуларын оқытып барлық оқушыға «Қазақстан» атты шоколад таратты. Жауапты: Токенова А.К.

«Тәуелсіздік - тірегім» атты сынып сағаты барлық сыныптар бойынша өткізілді. 5,8-сыныптардың сынып сағатының мақсаты: Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата - бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүйеге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында ел тарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен таныстырып, білгендерін тереңдету. Сынып сағаты мемлекеттік гимннің орындалуымен басталды. Тәуелсіздікке жетудің жолдарының оңайлықпен келмегендігін, 1986 жылдан бүгінгі күнге дейінгі әр жылдарғы тарихи мәні бар оқиғалар туралы бейнеролик көрсетілді. Одан кейін 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының құрбандарын да еске алып, олардың өмірбаяндары туралы мағлұмат берілді. Арнайы дайындалған фото буклетпен жұмыс жасалды. Оқушылар өз білетіндерін ортаға салды. Сергіту сәтінде оқушыларға тақырыпқа сай пазл құрастыруға берілді, бұл жұмыс түрі оқушыларда ерекше қызығушылық тудырды. Жалпы сынып сағаты еліміз туралы білімдерін арттырып, дүниетанымдарын кеңейтуге жұмсалды деп ойлаймыз. Жауапты: Жусупбаева З.С., Мурсалова А.И.

15 желтоқсан күні «Тәуелсіздік – тарихтың тартуы» атты тәрбие сағаты 6-7-сыныптарда өткізілді. Тәрбие сағатының негізгі мақсаты: а) Оқушыларға еліміздің қысқаша тарихы туралы мағлұмат беру. Өткен тарихымызға деген ұлттық қалыптастыру және Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін түсіндіру. ә) Оқушыларды Отанды сүйеге тәрбиелеу, туған елін, жерін қорғау әрбір азаматтың міндеті екенін білгізу және ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеу. б) Оқушылардың ой-өрісін дамытып, білім деңгейін көтеру, шығармашылық ізденісін қалыптастыру, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасатуға үйрету, патриотизм сезімін қалыптастыру. Сынып сағатына 6-сыныптан 4 оқушы, 7-с 1 оқушы қатысты. Барлығы 5 оқушы тәрбие сағатына белсенділікпен қатысты. Тәрбие сабағы үш бөлімнен тұрды бірінші бөлімде оқушылар желтоқсан жауқазындарына арнаған өлең жолдарын оқып, желтоқсан құрбандары туралы мәліметтер айтып өтті. Екінші бөлімде:

<https://wordwall.net/resource/65576997> Мына сөздерден басқа сөздер жазып, ой-өрістерін кеңейтсе, үшінші бөлімде: Туған жер, Отан туралы мақал мәтелдер айту. «Тарсия» арқылы шешіп, жылдамдыққа бақ сынасты.

Қорытынды сәтінде оқушылар бір-біріне «Дэкодаэдр» беру арқылы сұрақ-жауап викторинасы ұйымдастырылды.

Тәрбие сағатында алға қойған мақсатқа жетті. Нәтижесінде мектебімізді инстаграмына жүктелді.

<https://www.instagram.com/p/CxXePIutX8L/?igsh=azFvMnhvN3o2M2N3>

Жауаптылар: 6- сыныптың сынып жетекшісі: Е.Х.Сембекова, 7-сыныптың сынып жетекшісі: А.А.Идрисова

Жалпы жаңа жыл мерекесін өткізу бойынша алдын ала сынып жетекшілермен отырыс өткізіліп, мерекені өткізу бойынша ұсыныстар талқыланды. Сынып жетекшілердің де тілектері қарастырылды. Сонымен сыныптар өздеріне түскен түс бойынша карнавалдық костюм киеді деп шешілді. 5-9-сыныптар 1 ән не 1 би, 1 пародия дайындаулары тиіс, 0-4-сыныптар өлеңдер жаттап, 1 ән не 1 би дайындайды деп шешілді. Сонымен қатар жалпы мектеп болып, барлық пән кабинеттерін безіндіру де ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапты. Мереке өтетін спорт залын безендіруге, аяз ата қалтасына тәттілер алуға,

оқушылардың сыйлығын дайындауға, тәртіпті қадағалайтын кезекшілікке, музыканы қоюға жауапты адамдар бөлініп, барлық міндеттері түсіндірілді. Шырша мерекесінің өткізілетіні туралы хабарландыру бейне ролигі әлеуметтік желіге жарияланды.

Мектептің шырша мерекесі 3 уақытқа бөлініп өткізілді. «Нұрай» шағын орталығының мерекесі – 27.12.23 ж. Сағат 11.00. де өтті. Оған өз тәрбиешілері жауапты болды. 0-9-сыныптардың шырша мерекесін жоспарға сай 28.12.23ж. күні өз уақытында өтті. Бағдарламаға сай оқушылар өз өнерлерін көрсетті, Ақша қар оқушылармен ойын ұйымдастырды, хор айтылып, тәттілер таратылды. Аяз ата әр балаға өз сыйлығын тарту етті. Шырша мерекесі өте көңілді өтті. Мектеп директоры құттықтау сөзін айтып, ұстаздарды марапаттады. Оқушыларға мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында «КАРАОКЕ БАТЛ» өтті. Оған музыка мұғалімі Айгерім Ерқалы және аға тәлімгер Алмагүл Шомакова жауапты болды. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында мектебімізде 5-9-сыныптар арасында «Караоке батл» музыкалық кеші өтті. Кеште оқушылар екі топқа бөлінді. «Караоке батл» музыкалық кеші үш кезеңнен тұрды, әр кезең бойынша балалар әндерді айтып шықты. Оқушылар әр кезеңде белсенділік танытып, кеш соңында оқушылар диплом және сыйлықпен марапатталды. Кеш өз мәресіне жетіп, көңілді өтті.

Ай бойы жүргізілген барлық жұмыстар мектеп сайтына жарияланып, көпшілік назарына ұсынылды. Сілтеме төменде. [https://www.instagram.com/reel/C1Er-gzNsYt/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C1Er-gzNsYt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[https://www.instagram.com/reel/C1XPeoXtugi/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C1XPeoXtugi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[https://www.instagram.com/reel/C1XcJPMthBD/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/C1XcJPMthBD/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/reel/C1Zd1K5NyrI/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C1Zd1K5NyrI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[https://www.instagram.com/p/C1Ze5nuN8n2/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/C1Ze5nuN8n2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[https://www.instagram.com/p/C1aDB-wtdIS/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/C1aDB-wtdIS/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/reel/C1RgRWmt256/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C1RgRWmt256/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[https://www.instagram.com/reel/C04AQZ7tCVt/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C04AQZ7tCVt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[https://www.instagram.com/reel/C034vemNErw/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C034vemNErw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[https://www.instagram.com/reel/C03N7XiN\\_RZ/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C03N7XiN_RZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

**Бала жарақаты бойынша** «Сақ болуды қажет ететін заттар» атты сынып сағаты, 1-сынып оқушыларына «Мен қауіпсіздік туралы білуім керек» атты сынып сағаты, 1-4 сынып оқушыларына «Жаман әдеттерге жол жоқ» сынып сағаты, 1-9- сынып оқушыларына «Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен терроризм актісін жасау қаупі туындаған кездегі білім алушылардың іс-қимылы» тақырыбында сынып сағаты, «5-9- сыныпқа «Өрт пен су қауіпсіздігі», 1-9- сынып оқушыларына «Жол көлік оқиғаларының себептері», «Көше мен ауладағы негізгі

қағидалар» , «Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері және олардың жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі» тақырыбында құқықтық сағаттар өткізілді. "Түнгі рейд" кестесі бойынша жұмыстар жүргізілді.

### **Қазақстан Республикасының Тілдер күніне орай өткізілетін «Тұл тұғыры – ұлт ғұмыры» атты айлықтың есебі**

Мақсаты: Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, үнің негізін қалаған тұлғаларды дәріптеу. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу.

Айлықтың ашылуы 5 қыркүйек күні ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туған күнімен байланыстырылып өткізілді. Ашылу салтанатына орай оқушыларға қазақтың ұлттық тағамдары қымыз, бауырсақ, құрт ұсынылды. Оқушылар айлық барысымен таныстырылды. Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы туралы таныстырылым көрсетіліп, жан-жақты мәлімет берілді.

«Тіл – бабалар мұрасы» кітап көрмесін кітапханашы ұйымдастырып, оқушылармен таныстырды. «Туған тілім - мақтанышым» суреттер байқауын бейнелеу өнері сабағының мұғалімі өткізді. Барлық сыныптарда сынып жетекшілер «Тілдер татулығы – адамдар татулығы» деген тақырыппен тақырыптас сынып сағаттарын өткізді. «Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры» оқушылар арасында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мәнерлеп оқу сайысына жалпы 5-9-сыныптардан 13 оқушы қатысып, соның ішіндеҚабиден Мерей, Канатов Абай, Қабиден Нұртуған, Орынбай Жантөре, Тусупова Ботагөз алғыс хаттармен марапатталды.«Ағылшын еліне саяхат» атты іс-шарада оқушылар "Шалқан" "Tulip" ертегісінің қойылымын қойды. Қыркүйектің 15-і күні дене шынықтыру мұғалімдері оқушылармен «Қазақстан халықтарының ойындарын», яғни, әр ұлт өкілдерінің ойындарын ойнатты. Оқушылар үлкен қызығушылықпен ойынға атсалысты. Келесі күні оқушылар «Қазақ әдебиеті пен қазақ тілінің білгірі» атағына ие болу үшін «Иә, жоқ» ойынына қатысты. Ойынның мақсаты: Оқушыларды жіптен секіртіп, ойнату арқылы, қазақ тілінен білетіндерін тексеру, қызығушылықтарын ояту.Ойын ережесі: оқушылар бірінің артына бірі тұрып, сұрақтарға жауап береді.Иә десе жіптің оң жағына, жоқ десе сол жағына секіреді, қате секірген оқушы ойыннан шығып отырады. Ойын тартысты өтті. 20 қыркүйек күні «Ана тілім – менің мақтанышым» әндер байқауы өтті. Оқушылар патриоттық әндерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шырқады. «Сен білесің бе?» викториналық ойыны 1-4-сынып арасында өтті. Оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қызықты сұрақтарға жауап берді. Қазақ ұлтының мақтанышы, бес арыстың бірі Мағжан Жұмабаевтың – 130 жылдығына орай қазақ тілі, әдебиеті мұғалімінің ұйымдастыруымен «Мағжанның маржан жыры мәңгі өлмейді» атты әдеби кеш өтті. Мағжан Жұмабаев туралы стенд жабдықталып, көпшілік назарына ұсынылды. 8-сынып оқушылары ұлт ақынының өмір жолы туралы таныстырылым-плакат дайындап әкеліп, көпшілікпен бөлісті. 5-9-сынып оқушылары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

«Біз бір шаңырақ баласымыз» тақырыбында қабырға газетін шығару іс-шарасы да өте қызықты өтті. Оқушылар ұлттар достығы туралы мазмұнды суреттер салып, ұлылардың қанатты сөздерімен плакаттарының маңыздылығын арттырды.

Кітапханашы Оралхан Бөкей – 80 жас мерей жасына арнайы кітап көрмесін жабдықтап, оқырманға таныстырды. 2022-2023 оқу жылының аяғында қазақ тілі және орыс тілі пәні мұғалімдері «Жазда кітап оқимыз!» деген атпен, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, жаз айларында 4-9-сынып оқушылары арасында байқау жарияланып, оқушылар төменде аталған кітаптарды оқып шығуы қажет болған. Мақсаты: оқушыларды кітап оқуға ынталандыру, жаз айларын тиімді ұйымдастыруға бағыт беру, ой-өрістерін кеңейтіп, тілдік қорды байыту. Әр сыныпқа қазақша-орысша 2 кітаптан оқуға ұсынылады. Қазақ тіліндегі кітаптар:

9-сынып - Әбдіжәмәл Нұрпейісов «Қан мен тер»

8-сынып - Шерхан Мұртаза «Ай мен Айша»

7-сынып -Ғабит Мүсірепов «Қазақ солдаты»

6-сынып –Бауыржан Момышұлы. «Ұшқан ұя»

5-сынып- Бердібек Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат»

4-сынып – Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері

Орыс тіліндегі кітаптар:

2-сынып: Л.Н. Толстой «Котенок».

3-сынып: В.А. Осеева «Волшебное слово», «Сыновья».

4-сынып: русские народные сказки: "Василиса Прекрасная", "Финист – Ясный Сокол"

5-сынып: "Маленький принц" А. Экзюпери

6-сынып: "Карлик Нос" В. Гауф

7-сынып: Толкин Д.Р.Р. "Хоббит, или Туда и обратно"

8-сынып: "Повести Белкина" А.С. Пушкин

9-сынып: "Капитанская дочка" А.С. Пушкин

Тілдер айлығында осы кітаптар бойынша оқушылар бейне ролик дайындап, жеңімпаз оқушыларалғыс хатпен марапатталып, арнайы сыйлықтарға ие болды. Атап өтсек: Қабиден Мерей, Орынбай Жантөре, Қабиден Нұртуған, Бақыт Шынар, Теміршот Айғаным.

Мектепалды даярлық сыныбында

1 қыркүйек күні «Білім күні тәрбие сағаты өтті.

«Берекелі алтын күз»ертеңгілігі өтті.

«Менің отаным Қазақстан» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Жаңа жыл мерекесіне арнайы « Жаңа жыл базарлығы» тәрбие сағаты өтті.

«Айналайын ақ мамам» ертеңгілігі өткізілді.

«Нұрай» шағын орталығының бүлдіршіндерінің «Алтын күз» атты ертеңгілігі өтті. «Күз қызығы» атты көрме өтті. «Нұрай» шағын орталығының бүлдіршінерімен «Тілдер»апталығына ашық сабақ өткізілді. Желтоқсан айында бүлдіршіндер «Менің туым»акциясына қатысты.

### **ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру**

**2022-2023 оқу жылында** вариативті компоненттің жалпы білім беретін пәндердің базалық мазмұнын әзірлеу «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) негізінде жүзеге асырылады.

Жұмыс оқу жоспарының вариативті компонентінен қолданбалы және элективті пәндер бағдарламалармен ұсынылған: «Жаһандық құзыреттілік» курс 5,6,7,8-сыныптарда, 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері»Курстар мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға, ғылыми-зерттеу мәдениетін, тілдік құзыреттіліктерін, цифрлық мәдениетін дамытуға бағытталған, балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуының мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді, танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық ойлауын қалыптастырады, олардың сақталуына ықпал етеді және балалардың денсаулығын қолдау, шығармашылық қабілетін дамытуға әсерін тигізеді.

### **Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар мектепте жоқ**

**"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" және "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курстарының іске асырылуын зерделеу;**

Жүргізілуі міндетті курстар: 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады

5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта

6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде тәрбие сағаттарына кіріктіріліп оқытылады.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.**

- Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебі жаңадан салынған ғимараты типтік үлгіде 2023 жылы пайдалануға берілген. Қуаттылығы 100 орындық.

- Ғимараттағы мед.кабинеттің, мектеп асханасының жалдау шартын растайтын құжаттары, келісім шарттары мен лицензиялары бар.

- Медициналық қызметке лицензиясы бар

- Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шартына 2023 жыл қаржы қаралған

- Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісі бар.

- Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық уәкілетті органының қортындысы бар.

- 2023 -09-02 жылы жасалған №205 хаттама негізінде

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты негізінде аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында жеке кәсіпкер Сулейменов Рымбек Нургалиевич жеткізуші келісіміне келді;

- Кітапханада оқулық қоры -3688 дана, көрем әдебиеттің қоры – 727, электронды оқулықтар саны – 35 дананы құрады. Жыл басынан оқулықтар 1- 9 сынып оқушыларына 100 % қамтамасыз етілген.

Кітапхана - Оқу тәрбие процесін әдеби-ақпараттық қамтамасыз ететін мектептің құрлымдық бөлімшесі болып табылады. Кітапхананың жұмысы мектептің дамуының негізгі бағыттарымен ұстасып жатады.

Мектеп кітапханасы 1 бөлмеде орналасқан, жалпы көлемі 32,9 шаршы метр. 12 орындық оқу залы бар. Кітапхананың паспорты, кітаптарды қолдану ережесі, жұмыс кестесі бар және мектеп директоры бекіткен жұмыс жоспары бар. Кітапхана меңгерушісі, Идрисова Динара Даулетовна еңбек өтілі 8 жыл.

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:**

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарыкөлемінің сәйкестігі және сақталуы; Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ



## **ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы**

МЖМББС, ҮОЖ және ҮОБ сәйкес сыныптар бойынша шектік жүктемелердің сақталуына талдау.

**2021-2022 оқу жылында:** 1 сыныптарда -22,5 сағат, 2 сыныптарда- 24 сағат, 3 - сыныптарды -27 сағат, 4 – сыныптарды- 27 сағат, 5 сыныптарда- 31 сағат, 6 сыныпта- 31 сағат, 7сыныптарында- 34 сағат, 8 сыныптарында -35 сағат, 9 сыныптарда -36 сағат.

**2022-2023 оқу жылында:** 1 сыныптарда -19,5 сағат, 2 сыныптарда- 24 сағат, 3 сыныпта-26 сағат, 4 - сыныптарды -26 сағат, 5-сыныпта - 30,5 сағат, 6-сыныптарында - 30,5 сағат, 7-сыныпта- 32,5 сағат, 8-сыныптарында -33,5 сағат, 9-сыныптарда -35 сағат.

**2023-2024 оқу жылында:** 1 сыныптарда -19,5 сағат, 2 сыныптарда- 24 сағат, 3 сыныпта-26 сағат, 4 - сыныптарды -26 сағат, 5-сыныпта - 30,5 сағат, 6-сыныптарында - 30,5 сағат, 7-сыныпта- 32,5 сағат, 8-сыныптарында -33,5 сағат, 9-сыныптарда -35 сағат.

**2021-2022 оқу жылы.** Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

**2022-2023 оқу жылы** Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.

«Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды. «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».

**2023-2024 оқу жылы** Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

### **2) Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптардың сақталуы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 2-қосымшасының 30-тармағына, 3-қосымшасының 43-тармағына, 4-қосымшасының 33-тармағына сәйкес көрсетілген пәндерді оқыту барысында сыныптар топтарға бөлініп оқытылады.

2021-2022 оқу жылында топқа бөлінген сыныптар жоқ.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айынан бастап мектепте жалпы 9 сынып оқытылып келеді. Оның ішінде: бөлінбейтін сыныптар – 4 сынып, бөлінетін сыныптар – 5 сынып.

Бөлінетін сыныптарда:

5-9 сыныптар бойынша көркем еңбек пәні қыз-ұлға бөлініп оқытылады.

2023-2024(I жартыжылдық) оқу жылының қыркүйек айынан бастап мектепте жалпы 9 сынып оқытылып келеді. Оның ішінде: бөлінбейтін сыныптар – 4 сынып, бөлінетін сыныптар – 5 сынып.

Бөлінетін сыныптарда:

5-9-сыныптар бойынша көркем еңбек пәні қыз-ұлға бөлініп оқытылады.

### **Анықталған кемшіліктер бойынша атқарылған жұмыстар.**

Kundelik.kz порталы бойынша анықталған кемшіліктермен төмендегіше жұмыстар жүргізілді:

- ✓ Вариативтік компоненттегі үйірмелер сабақ кестесінде дұрыс қойылмағаны жойылды;
- ✓ Өткен оқу жылдарындағы баға түзетулері бойынша: бағаларды негізсіз түзеткен мұғалімге «ескерту» тәртіптік шарасы берілді.
- ✓ kundelik.kz жүйесіндегі жіберілген кемшіліктерге байланысты мектеп директорының орынбасары Е.Х.Сембековаға бақылауды тиісті деңгейде ұйымдастырмағаны үшін «ескерту» тәртіптік шарасы берілді.

### **Қорытынды.**

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің бөлімінің «Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024(I жартыжылдық) оқу жылында атқарған оқу-тәрбие процесіндегі жұмысына жүргізген өзін-өзі аттестаттау қортындысы мектеп қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (*мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жәнебастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің*) талаптарына сәйкес екенін көрсетті.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына қолданылатын өлшеуіштер бойынша "**zhaqsy**" – 4 бағасы анықталды.

**Өзін-өзі аттестаттау комиссиясының**  
**Павлодар облысының білім беру басқармасы,**  
**Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің**  
**«Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебі»**  
**коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры:**

**А.О.Шомакова**

